Фестиваль, являясь своеобразной педагогической технологией, проектируется как система способов, методов, средств, форм для решения культуротворческих задач. Во всех его видах сочетается поисковая исследовательская деятельность с художественно-творческой, состязательной, реализуется взаимодействие школы с семьей. И во всей работе прослеживается идея единства веками складывавшейся общности народов нашей страны. В соответствии с психолого-педагогическими основами детей различаются пропорции поисковой и художественно-творческой деятельности. В начальной школе преобладает художественно-эстетическое освоение заявленной темы, в основной и полной средней школе возрастает осмысление историко-мировоззренческих вопросов.

#### Литература:

1. Низамова, Л. Р. Идеология и политика мультикультурализма: потенциал, особенности, значение для России // Гражданское общество в многонациональных и поликонфессиональных регионах. М., 2005.
2. Палаткина, Г. В. Мультикультурное образование: современный подход к воспитанию на народных традициях // Педагогика. 2002. № 5.

Рассмотрим это на некоторых примерах.

В 2010 году в гимназии был впервые организован фестиваль национальных культур «*Радуга друзей*», проходивший как серия конкурсов в течение учебного года. Ребята обратились к этническим истокам своих семей, выбрали один этнос, представители которого учатся в их классе, узнавали традиции, народную и профессиональную культуру. Каждый класс участвовал в увлекательных конкурсах, которые оценивало строгое жюри. Все дети с удовольствием участвовали в конкурсе национальных игр «В кругу друзей». Для конкурса «*Парад народов*» ребята с родителями и педагогами школы создавали костюмы, изучали и осваивали особенности национальных танцев и песен. Особый резонанс вызвал конкурс «Секреты национальной кухни», где можно было отведать вкусные блюда и познакомиться с созданной каждым классом книгой рецептов. Конечно, кулинарный конкурс проходил в союзе с родителями. А в начальной школе он превратился в совместные праздники детей и родителей в каждом классе.

Важен познавательный эффект конкурса исследовательских работ школьников 5–11 классов. Каждый класс основной и полной средней школы создал краткую энциклопедию культуры изучаемого народа, в результате в гимназии появилась серия «Национальная энциклопедия».

В 2015 году фестиваль «*Диалог поколений: Мы этой памяти верны*» был посвящен 70-летию Победы в Великой Отечественной войне. Во многих мероприятиях фестивального марафона участвовали ветераны Великой Отечественной войны, они выступали в классах с воспоминаниями. Школьники активно участвовали в поиске свидетельств о Великой Отечественной войне в своих семьях, искали фотографии, брали интервью у своих родных. В итоге составлена летопись «Великая Отечественная война в воспоминаниях моей семьи». По традиции проводились и творческие конкурсы. Особый успех выпал на долю конкурса «*Военная песня*». Каждый класс театрализовал песню военной тематики.

В ходе подготовки и проведения фестивалей создается атмосфера единения участников в важном духовно-созидательном деле. В содержании материалов всех фестивалей и конкурсов прослеживается этническое разнообразие, соблюдается принцип взаимодействия поколений для сохранения культурно-исторической памяти народа. Внимание к связям между поколениями сказывается на отношениях родителей и детей, формировании их исторического сознания, укреплению семейного единства.

## ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ

### Влияние подвижных и спортивных игр на развитие коммуникативной сферы детей младшего школьного возраста с церебральным параличом

Суворова Юлия Дмитриевна, студент магистратуры;  
Чернозёмов Валерий Григорьевич, доктор медицинских наук  
Северный (Арктический) федеральный университет имени М. В. Ломоносова (г. Архангельск)

*В статье рассмотрено влияние подвижных и спортивных игр на формирование коммуникативной сферы младших школьников с детским церебральным параличом.*

*Ключевые слова: коммуникативная сфера, детский церебральный паралич, подвижные игры, спортивные игры, младшие школьники.*

В современном обществе с каждым годом увеличивается количество детей, имеющих ту или иную патологию в развитии [4]. Наибольшие трудности в воспитании и обучении вызывают дети с церебральным параличом, у которых сложное переплетение ведущего нарушения с дезинтеграцией всей высшей психической деятельности особым образом отражается на их социально-личностном развитии, и в первую очередь на становлении коммуникативной функции. [3]. Нарушения в коммуникативной сфере обусловлены в первую очередь общим снижением интереса к окружающему миру, что является ярким проявлением заболевания. Снижение интереса к окружающему миру ограничивает двигательную активность, и, следовательно, затрудняет процесс реабилитации ребенка.

Использование в системе физической реабилитации комплексов лечебных упражнений, несомненно, оказывает положительное влияние на двигательную сферу ребенка, но на коммуникативную сферу влияние незначительно: интереса к познанию окружающей действительности у ребенка не возникает.

Одним из выходов в сформировавшейся проблеме адаптивного физического воспитания может стать включение в занятия игровой деятельности, к которой ребенок имеет естественное и непреодолимое стремление. Игра является отражением социальной жизни и оказывает существенное влияние на всестороннее развитие. Игровой коллектив — это социальный организм с отношениями сотрудничества и навыками общения. [1].

Таким образом, все вышперечисленное, обусловило тему нашего исследования, целью которого является изучение влияния спортивных и подвижных игр на развитие коммуникативной сферы у детей младшего школьного возраста с церебральным параличом.

Исследование проводилось с октября 2018 по январь 2020 года на базе государственного бюджетного учреждения Архангельской области «Архангельский многопрофильный реабилитационный центр для детей»

Состав контрольной и экспериментальной исследовательских групп включал в себя 16 детей младшего школьного возраста (8 мальчиков и 8 девочек) с церебральным параличом. В каждую группу входило по 8 человек, 4 мальчика и 4 девочки с гемиплегической формой ДЦП с сохраненным интеллектом и широким диапазоном сопутствующих заболеваний. Занятиям адаптивной физической культурой в обеих группах было отведено по 160 минут в неделю. Главным отличием в группах является наполняемость поурочного планирования: в контрольной группе занятия физической культурой проходили преимущественно с использованием подвижных игр, а в экспериментальной — спортивных.

Для оценки влияния спортивных и подвижных игр на развитие коммуникативной сферы использованы методики, представленные ниже:

1. Обзор научно методической литературы (выбранный метод реализовывался на протяжении всего периода исследования);
2. Анализ документальных источников (использование карт наблюдений, разработанных Ивановой В. А и Хода Л. Д., 2011 год);
3. Педагогическое наблюдение (применялось с целью выявления особенностей построения занятий адаптивной физической культурой и заполнением карт наблюдений);
4. Педагогический эксперимент (для внедрения разработанного поурочного планирования в процесс физического воспитания);
5. Метод статистической обработки данных.

Важнейшими показателями формирования коммуникативными навыками является умение работать в парах и малых группах. Так, по состоянию на октябрь-ноябрь 2018 года, в экспериментальной группе существовало низкое развитие (62,5%) рассматриваемых коммуникативных па-

раметров, а у 37,5% был выявлен низкий уровень. На момент завершения исследования умение работать в паре и малой группе сформировано у 75% школьников, ещё у 25% уровень развития достиг высокого. Рассматриваемые изменения представлены в таблице 1.

Таблица 1. Изменение показателей коммуникативной сферы детей в экспериментальной и контрольной группах (n=16)

Показатели	Экспериментальная группа			Контрольная группа		
	До эксп., чел.	После эксп., чел.	Изменение показателей	До эксп., чел.	После эксп., чел.	Изменение показателей
Умение работать в паре						
Высокое	0	2	↑ 25%	2	4	25%
Среднее	3	6	↑ 37,5%	2	2	0%
Низкое	5	0	↓ 62,5%	4	2	25%
Умение работать в малой группе						
Высокое	0	2	↑ 25%	2	2	0%
Среднее	3	6	↑ 37,5%	2	2	0%
Низкое	5	0	↓ 62,5%	4	4	0%

В контрольной группе положительная динамика менее выражена и составляет только 25% в умении работать в парах. В умении работать в малых группах динамика вовсе отсутствует, это объясняется тем, что в подвижных играх существует низкий процент взаимодействия младших школьников друг с другом внутри игрового коллектива. В отличие от спортивных игр, подвижные носят индивидуальный характер борьбы.

Также одним из показателей успешного овладения коммуникативными навыками является умение учитывать интересы сверстников и умение соблюдать социальные нормы при общении со взрослыми. В экспериментальной

группе на начало исследования половина группы не учитывала интересы одноклассников, оставшаяся половина шла на компромисс лишь в ситуациях, когда альтернативный выбор игровой деятельности вызывал у них заинтересованность. На момент завершения исследования выявлено, что не учитывает интересы сверстников только 12,5% обучающихся. Положительная динамика в умение соблюдать социальные нормы при общении со взрослыми составляет 25%

Умение учитывать интересы, желание сверстников, соблюдать социальные нормы при общении со взрослыми, представлены в таблице 2.

Таблица 2. Изменение показателей коммуникативной сферы детей в экспериментальной и контрольной группе (n=16)

Показатели	Экспериментальная группа			Контрольная группа		
	До эксп., чел.	После эксп., чел.	Изменение показателей	До эксп., чел.	После эксп., чел.	Изменение показателей
Умение учитывать интересы и желание сверстников						
Высокое	0	2	↑ 25%	0	0	0%
Среднее	4	5	↑ 12,5%	7	8	12,5%
Низкое	4	1	↓ 37,5%	1	0	12,5%
Умение соблюдать социальные нормы при общении со взрослыми						
Высокое	1	2	↑ 12,5%	1	1	0%
Среднее	4	5	↑ 12,5%	5	6	12,5%
Низкое	3	1	↓ 25%	2	1	12,5%

В контрольной группе в обоих исследуемых коммуникативных умениях положительная динамика составляет 12,5%.

Таким образом, исследование коммуникативных умений показало, что в контрольной группе общая положительная динамика составляет 13%, а в эксперимен-

тальной на 28,5% выше и составляет 41,5%. Как итог, использование спортивных игр оказывает большую положительную динамику на развитие коммуникативной сферы за счет увеличения количества эмоциональных связей, а именно увеличение количества диад и триад внутри малой группы.



Литература:

1. Вдовина, С. А. Проблемные ситуации как средство развития креативности школьников [Текст] / С. А. Вдовина // Культура и образование. — 2014. — № 12. — С 1–2;
2. Иванова, В. А. Методика развития психофизических качеств детей 6–7 лет с детским церебральным параличом средствами спортивных игр [Текст]: дис. ... на соиск. учен. степ. канд. пед. наук: 13.00.04 / Иванова Виктория Алексеевна; [Место защиты: Сев. — Вост. федер. ун-т им. М. К. Аммосова]. — Хабаровск, 2011. — 184 с;
3. Киселева, С. Е. Развитие коммуникативной активности детей с тяжелыми двигательными нарушениями в процессе досуговой деятельности [Текст] / С. Е. Киселева, Т. Н. Симонова // Известия Южного федерального университета. — 2010. — № 8. — с. 226–234;
4. Смолякова, В. И. К вопросу о диагностике и коррекции коммуникативной деятельности детей раннего возраста с церебральным параличом [Электронный ресурс] / В. И. Смолякова, Е. А. Бударная // Студенческий: электрон. научн. журн. — 2019. — № 19. — Электрон. журн. — Режим доступа: <https://sibac.info/journal/student/63/141980>, свободный (дата обращения: 06.04.2020). — Загл. с экрана.

## МОЛОДОЙ УЧЕНЫЙ ҚАЗАҚСТАН

### Агрессияның пайда болуына әлеуметтік-психологиялық факторлардың әсері

Акмусаева Маржан Искендеровна, магистр, старший преподаватель  
Академия гражданской авиации (г. Алматы, Казахстан)

*Мақала тұлғаның мінезіндегі ерекшеліктің бірі агрессивті әрекеттің орын алуына әлеуметтік-психологиялық себептердің орнын ашуға арналған. Агрессия ұғымына психологиялық талдау жасалған, мінез-құлықтағы агрессивті әрекеттің себептері келтірілген. Мінездегі бұл ерекше көріністің ғылыми зерттеулерге шолу жасалған, сонымен қатар тұлғанның қарым-қатынаста агрессивті жауап беруіне әлеуметтік-психологиялық факторлардың ролі қарастырылды.*

*Кілт сөздер: агрессия, әрекет, мінез-құлық, физикалық жаза, эмоционалды қолдау.*

### Влияние социально-психологических факторов на возникновение агрессии

Акмусаева Маржан Искендеровна, старший преподаватель  
Академия гражданской авиации (г. Алматы, Казахстан)

*В данной статье рассмотрена одна из особенностей характера личности посвящена раскрытию социально-психологических причин возникновения агрессивной деятельности. Психологически проанализированы понятия агрессии, приведены причины агрессивной поведению в деятельности. Был проведен обзор научных исследований этого необычного вида характера, а также рассмотрена роль социально-психологических факторов на агрессивное реагирование личности в общении.*

*Ключевые слова: агрессия, действие, поведение, физическое наказание, эмоциональная поддержка.*

*In this article, one of the features of the personality character is considered. it is devoted to the disclosure of socio-psychological causes of aggressive activity. The concepts of aggression are analyzed psychologically, and the reasons for aggressive behavior in activity are given. A review of scientific research on this unusual type of character was conducted, as well as the role of socio-psychological factors on the aggressive response of the individual in communication.*

*Keywords: aggression, action, behavior, physical punishment, emotional support.*

**Ж**еткіншектердің мінез-құлқындағы агрессивтіліктің көрініс беруіннің негізгі себептері:

1. биологиялық фактор
2. әлеуметтік орта
3. тәрбие болып келеді.

Агрессияның қалыптасуындағы әлеуметтік-психологиялық факторлар туралы бастапқы айтылған фактілерге сүйене отырып, мынадай тұжырымға келуге болады. Бір уақытта балалық шақта қалыптасқан ми орталығында физиологиялық негізі бар агрессивтіліктің нышандары, өмір бойы біршама тұрақты болып қалады. Бірақ көптеген зерттеулердің көрсеткіші бойынша, агрессивтіліктің көрінуі индивидуумның өмірлік тәжірибесіне байланысты. Дәлірек айтқанда, оның даму кезіндегі әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық жағдайына байланысты болады.

Карли (1982) жануарларға өткізген тәжірибесінде былай деген екен, қандай да болсын агрессивті мінез-құлық сол уақыттағы жануарлардың жағдайына және оның өткен тәжірибесіне байланысты деп дәлелдеген. Кейбір авторлардың айтуына қарағанда агрессивтіліктің көрінуі бұл белгілі-бір кедергілерге немесе түсірген ауыртпашылыққа байланысты жауап мүмкіншілігі. Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін шартсыз факторлардың бірі — жанұядағы қатынас Sears Massob and Levih (1957) 5 жастағы балалардың 400 анасына сұрақтама жүргізілген. Олар мынадай қорытындыға келген, балалық шақтағы агрессия ата-аналар арасындағы келіспеушілік деңгейімен және анасы жағынан эмоциялық жылылықтың жетіспеушілігінен пайда болады.

Bandura and Waters (1959) 14–15 жастағы 26 агрессивті жеткіншектерді, жас ерекшелігі, интеллектісі және әлеуметтік-экономикалық статусы, тұрғылықты аймағы бойынша сәйкес агрессивті емес 26 жеткіншекпен салыстырады. Әрбір жағдайда олардың әкесінен, анасынан, жеткіншектен жеке-жеке интервью алған. Осы зерттеулер нәтижесінде мынандай мәліметтер алынған, агрессивті балалардың ата-аналары физикалық жазаларды қолдануға бейім болған және бір-бірімен келісушілік болмаған, балаларға жек көрушілік қатынаспен және эмоциялық суықтықпен қараған. Алынған нәтиже бойынша, агрессивті балалардың ата-аналары кәбіне жазалаушы қатал тәртіпті ұстанушы, және ата-аналар бір-бірімен жиі конфликтке түсетін болған, яғни өз балаларына жылылық сезіммен қарамаған. [1–36 бет].

Эронның айтуынша қатігез балалардың пайда болуы жақсы көрмегеннен, мектептік істермен ата-аналары аз қызығатын жағдайда бала қатыгез бола бастайды. Мұндай балаларды агрессивтілік фантазиялар тез еліктіріп кетеді және теледидардан көретін зорлық-зомбылық қойылымдар, яғни ондағы кейіпкерлерге еліктейді. Сонымен қатар мұндай балалардың ата-анасы 91% жағдайда агрессивтілікке бейім адамдар. Баланың мінез-құлқына қанағаттанбаған жағдайда жиі физикалық жазалауды қолданған. Sears бойынша ең маңызды сәтке баланың агрессивтілігіне ата-ананың агрессивтілігі әсері жатқызылады. Яғни бала бұл осы жаста соған үйрене бастайды және бағалайды. Алғашында агрессивті мінез-құлық фрустрацияға деген спонтанды реакция болса (мысалы жылаумен ойыншықты сындыру) ал сәттілік жағдайында яғни бала өз қалағанын алған жағдайда бұл мінез-құлықтың моделі бекітіледі. Содан кейін бала бұл модельді меңгеріп алады да, егер оған бір нәрсе керек болса сол тәсілге қайта-қайта оралады. Баланың агрессивті мінез-құлқына шектен тыс қамқоршылық жанұяның ішінде бекітіледі [2–14–22 бет]. Тек осының салдарынан бала нақты сол агрессивті мінез-құлықтың жағымсыз жақтарының басымдылығын таразылауға үйренеді. Сонымен қатар ата-ана жағынан агрессивті мінез-құлықты шектен тыс болуда зиян болады. Бала міндетті түрде өзінің ашу ызасын ішіне жинауға мәжбүр болған жағдайда оның агрессивті сезімдері соғырлым күшейе түседі. Бала өзін үйде шектен тыс ұстаған кезде, ол үйден тыс жерде агрессивті мінез-құлықты көрсетеді.

Қатал жазалау жаңа фрустрацияларға әкеледі. Яғни сол жағдайлардан шығар жол таппаған кезде жаңа агрессивті сезімдерге әкеледі. Егер бұл қайталанатын болса негативті шиеленісті іздеу ретінде қарастырылатын мінез-құлықтың моделі қалыптасады. Жасырын агрессивтілік болған жағдайда балада мазасыздану және дискомфорт пайда болады. Агрессивті жүріс-тұрысқа анасының және әкесінің ашуын көтере алмаған жағдайда және фрустрацияға жауап бере алмаған кезде балада мазасыздану жоғарылай бастайды. Агрессивтілік туралы Сирстың ойы қисық сызықты түрде көрсетілген болатын. Бұл тұжырымды И.Г. Морозова да (1993) ұста-

нады. Оның ойынша просоциалды өмірлік бағдары бар жағымды жанұяда өскен балаларға ашық түрде өзінің агрессивтілігін қанағаттандыруға шек қойған жағдайда, яғни ассоциалды жасөспірімдерге тән сана астындағы комплекстерді қанағаттандырудағы агрессивті садистік фантазиялау негізінде стереотиптегі формаға айналуы мүмкін [3–427 бет].

Кеңестік психологияда осы агрессивтіліктің қалыптасуындағы ата-ананың рөлін анықтауға тырысқан И.А. Горькованың мәліметтері бойынша (1993) ол агрессивтілігі жоғары 35 делинквентті жеткіншекті зерттегенде жанұядағы бала өміріне немқұрайлықпен, қараусыздықпен ата-аналардың 76-сы қараған, ал 72-і жеткіншектердің айтуынша балалық шақтарында ата-анасы жағынан қатты соққыға түскендерін және ата-анасына деген эмоциялық жақындықтың жоқ екендігін айтқан [4–118бет].

Ата-аналар тәрбиелік тәжірибеде эмоциялық шектеудің ең шеткі формаларын жиі қолданған яғни жанұядағы конфликтінің жоғарылығы және сол балаға жүктілік кезіндегі баланы қаламаушылық сонымен қатар В.В. Королева (1992) делинквентті мінез-құлықтағы жеткіншектер тобын зерттегенде мынандай мәліметтер алған. Жеткіншектердің 71,4% жақын туыстары арасындағы қатынасы конфликтілі болған. Конфликт нақты бірдинамикалық тұрғыда болған, балалық шақ және жасөспірімдік кезде, әдетте қастық қатынаспен және төбелестермен сипатталған. Мұның салдарынан жеткіншектің қатынасы шиеленісті, эмоцияны шектеуге ауысқан.

Сыртқы пішінге көп екіпін жасау, ондағы ақауларды өткір қабылдау, тұлға аралық қарым-қатынаста және өзіндік қабылдауда өз сыртқы түрін жоғары бағалаумен шарттанады. Алайда үлкендер жеткіншектердің осы ерекшеліктеріне көбінесе түсінбей қарайды, оларды қолдамайды, соның арқасында өзіне қатысты жеке басты мазасыздану күйі психологиялық жарақат ретінде кейінгі өміріне әсер етеді. Өзін толық мәнді сезінбеу, кінә сезімдерінің артуы жеткіншектің мынадай қырларын — түйықтық, қорқақтық, эгоцентризм, қоршағандарға өшпенділік сияқты қырларды туғызуға әкеледі. Зерттеу мәселесіне байланысты жасалған теориялық талдаулар негізінде мынадай негізгі ой тұжырымдарды аламыз. Өзіндік қатынас мәселесі екі негізгі аспектіні қамтиды-аффективті және бағалаушы, соған сәйкес сезімдер-симпатия, меншікті өз абыройың, әлеуметтік позицияны бекіту мәселесімен тығыз байланысты болады.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, көп жеткіншектер мен жасөспірімдер сынды ситуациялардан, зорлану жағдайынан кетуге бейім тұрады, тіпті өз өмірлерін қию туралы да ойлана бастайды. Олардың көңіл күйлері, аяқ асты өзгерулерінің кезектесуі, қамсыз өмір қуаныштарынан үмітсіз сары уайымға, көңілсіздікке өту, өздері үлкендерге аз көңіл бөлсе де, өзіне жоғарғы сезімталдықты талап ететін жеткіншек жасы мазасыздану күйіне жақын тұрады. Ересек жеткіншектің және жасөспірімдердің өзінің ішкі әлемін ашуы оған маңызды, қуанышты, толқы-

малы оқиға болып саналады, сондықтанда соған байланысты жеткіншектерде мазасызданған, қобалжыған және драмалық әсерленулер өте көп болады.

Егерде жеткіншек өте шүбәланғыш болса (оған ол «тұқымқуалаушылықпен» келеді) онда жеткіншекте шешім қабылдауы, өзіне сенімді болуы, бастамашыл болуы сияқты қасиеттер әлсіреп, күмәндану сезімі оянады. Олар ойлау әрекетіне әсер етеді, соның негізінде жабысып алған шүбәлануды, қобалжуды жеңу өте қиын.

Соңғы уақытта қоғам балалардың ауытқушылық мінез-құлқы ретіндегі қатігездік, агрессиялық жағымсыз асоциалды мінез-құлықтарын интенсивті түрде зерттеуді талап етіп отыр. Осындай ауытқушы мінез-құлықтың дамуына ықпал ететін факторларды зерттеу — психология ғылымының негізгі мәселері.

Жалпы білім беретін мектептерде оқитын оқушылардың әрқайсысының өзіне тән жеке даралық ерекшеліктері бар. Сондықтан мектеп психологы алдында тұрған проблемаларының бірі — тиімді көмек көрсету.

Агрессивті мінез-құлық адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Ол барлық адамдарға тән: балаларға және олардың ата-аналарына, өмірді жаңа бастаған жасөспірім қыздар мен ұлдарға, ересек, орта және кәрі жастағы адамдарға, әртүрлі мамандық иелері мен әртүрлі жағдайдағы мінез-құлыққа байланысты агрессия туындап отырады.

Агрессия сферасын анықтаушы нормативті стандарттар, балалардың агрессивтілік әрекетін дағдыланған түрде реттеп отырмайды. Балалардың мінезіндегі стандартты өзіндік өзіндік бағалау әрекеттері болу үшін, субъектінің зейіні соларға бағытталуы қажет. Яғни «объективті өзін тану» жағдайы болады. Тұлға дамуындағы бала жасының дағдарысы балалық пен есеудің арасындағы шекара ретінде күрделі өтеді. Баланың өзін «нәтиже» деп трансцендентті ұғынуы, мәні бойынша, балалықтан шығарылған жеке даралығын іздеген қателікке жауап ретінде индивидуалды тәжірибесі арқылы туындайтын «Меннің», тұрақты және дифференциалданған бейнесін көрсетеді. Сондықтанда жеткіншек балалар өз мүмкіндіктерін бір жағынан балалық әуестенулер мен олардың объективті салалары негізінде ұғынады. «Мен» бейнесі адамның әлемдік бейнесін жасайтын болмыстық форма мен сфера ретінде туынды сипатқа ие болады.

Өзіндік бағалау агрессиялық мінез-құлыққа белгілі-бір өзгешеліктер әкеледі және көп жағдайда тұлға аралық өзара әрекеті, ішкі әсерленулер мен эмоциялық реакцияларды, әрекеті мен іс-әрекет мотивациясын анықтайды, өзін және бақаларға деген оң, не теріс қатынасты жасайды. Соңғы кездері жеткіншек кезеңді екі түрлі ықпалмен түсіндіреді. Психоналитикалық және әлеуметтік-психологиялық. Біріншісі индивидтің психо-сексуалдық дамуына және отбасындағы эмоциялық өзара қатынасқа екпін қойса, екіншісі индивидтің әлеуметтік тіршілігі, рөлі, статусы, рөлдік конфликтілігі, рөлдік анықталмағандығы және әлеуметтік күту сияқты факторларға назар аударады. Психоналитикалық ықпалда бала жасында туындайтын

жалғыздық және өзін жоғалтуды бастан кешіру жағдайы эмоциялық ашығуды тудырады. Эмоциялық ашығу күйін құрбыларының арасында қанағаттандырады, мұнда ол белгілі бір эмоциялық тәжірибе алады, яғни адамзатқа тән мадақтау, эмпатия қосылу, рөлдік мінез-құлық идентификация, мазасыздану сезіміне бөлену сияқты тұлға аралық қатынастардың сипатына қосылады.

Өзіндік бағалау процесі субъективті агрессивті мінез-құлықтың шешуші детерминанты не қарсыласатын, не оны жандандыратын ішкі міндетті нормативті стандарттарды реттейді. Агрессия сферасын анықтайтын нормативті стандарттарды адам дағдыланған әрекеттермен реттемейді. Балалар қоғамда өтіп жатқан процестерді өзіне лайықты болатындай қабылдап, оған тез бейімделіп, соған сәйкес мінез-құлықтың стеротиртерін қарастырады. Өзіндік сана тұрғысында бала өзін қоғам мүшесі ретінде ұғынады және қоғамдық мәнді позицияларда нақтыланады. Балалардың конфликтілігі және «Мені» бір жағынан болмыста энергетикалық қуатты өзіндік көрінуге ұмтылуынан тұрса, басқа жағынан белгілі бір таңдау мен іс амалдарға жете қоймай тәжірибесіздігінен тұрады.

Жеке тұлғаның өзіндік дамуына қоршаған орта мен тәрбие секілді сыртқы факторлар әсер етсе де, бұл факторлар оның ішкі дүниесіне оң әсер еткенде ғана және оның өз өзімен жұмысы кезіндегі өзіндік белсенділігін ынталандырған жағдайда ғана жеке тұлғаны дамытып, қалыптастыра алады. Осы бір аса күрделі процесс тәрбиенің персонификациясы (лат. — жеке тұлға) деген атауға ие болды. Тәрбиенің персонификациясы дегеніміз -ақпараттық мазмұндағы, адамның тұтас модусын (модус -қажеттіліктер, мақсат-мүдделер, наным-сенімдер, бағалау критерийлері, ынта-ықыластар) құрайтын саналық-психологиялық және идеологиялық процестердің, қасиеттер мен қатынастардың әр алуан түрлері бар жеке тұлғалық факторлардың мінез-құлығын әлеуметтендіріп, реттейтін өзара әрекет күрделі де қарама-қайшылыққа толы болады. Персонификация әлеуметтенудің антиподы ретінде оған қарама-қайшы емес, ол әлеуметтенудің бар болуының ішкі механизмі болып табылады. Осылайша, жеке тұлғаны әлеуметтендіретін сыртқы факторлар, соның ішінде тәрбие де, жеке тұлғаның өз өзімен жұмысы кезіндегі өзіндік белсенділігінің ішкі механизмдерімен, яғни оның қажеттіліктерімен, сенімдерімен, мақсат-мүдделерімен өзара тығыз байланыста болғанда ғана оның дамуы мен қалыптасуына әсер етеді. Сонымен, жеке тұлғаның дамуы, тәрбиесі, қалыптасуының өзара байланысы мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Ғылымда жеке тұлғаның мәні, оның дамуы мен қалыптасуына әсер ететін факторларды түсіндіретін әр түрлі көзқарастар кездеседі. Ғалымдардың жеке тұлғаның қалыптасуында биологиялық (тұқым қуалаушылық) және әлеуметтік факторлардың (орта, тәрбие), сонымен қатар іс-әрекет пен қарым-қатынастың орны ерекше деген қорытындысы еш дау туғызбайды. Әлеуметтік үйрену теориясы бойынша агрессияны меңгерудегі бақылау мен тікелей тәжірибенің ролі жоғары.

Әдебиет:

1. Берн Э. Игры в которые играют люди. /Э. Берн — Москва. 1998
2. Берковиц Л. Агрессия. Причины, последствия и контроль. СПб. 2002
3. Немов Р.С. Психология. /Р. С Немов — Том 2.
4. Овчарова Р.В. Технология практического психолога образования. — М.: 2000

## Мұнай өндіретін кәсіпорынның жұмысы кезіндегі атмосфераға ластаушы заттардың шығарындысынан экологиялық тәуекелді бағалау

Асланқызы Г., магистрант;  
Абдибаттаева М. М., т. ғ. д., профессор м. а.  
Аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

*Мақалада экологиялық тәуекелді есептеу әдістемесі қарастырылған, сондай-ақ экологиялық ластаушы заттардан болатын экологиялық тәуекелді ескере отырып есептеу әдістемесі келтірілген. Толық экологиялық залалдың құрылымы көрсетілген. Қоршаған табиғи орта үшін де, адам денсаулығы үшін де зиянды бағалау әдістері қарастырылған. Экологиялық тәуекелді азайту мақсатында ұсыныстар келтірілген.*

*Түйінді сөздер:* атмосфера, экологиялық тәуекел, ластаушы заттар, бағалау, қауіптілік.

## Оценка экологического риска от выбросов загрязняющих веществ в атмосферу при работе нефтедобывающих предприятий

Асланқызы Гульдана, студент магистратуры;  
Абдибаттаева Марал Мауленовна, доктор технических наук, профессор  
Казахский национальный университет имени Аль-Фараби (г. Алматы)

*В статье предусмотрена методика расчета экологического риска, а также приведена методика расчета экологического риска от экологических загрязняющих веществ. Приведена структура полного экологического ущерба. Предусмотрены методы оценки ущерба как для окружающей природной среды, так и для здоровья человека. Приведены рекомендации по снижению экологического риска.*

*Ключевые слова:* атмосфера, экологический риск, загрязняющие вещества, оценка, опасность.

Атмосфералық ауа қоршаған ортаның ажырамас Аққұрамдас бөлігі болып табылады. Соған сәйкес экологиялық тәуекел елді мекендердің нақты жағдайларында қоршаған ортаның қолайсыз факторларының әсер ету деңгейлері болжанатын халықтың денсаулығы үшін ықтимал және нақты қауіптіліктің сандық бағасын алуға мүмкіндік береді [1].

Зерттеу өзектілігі мұнай өндіретін кәсіпорындар аумағындағы экологиялық жағдайдың нашарлауы қоршаған ортаға ластаушы заттар шығарындылары арқылы кері әсер ететін көптеген факторларға байланысты. Атмосфералық ауаның өнеркәсіптік шығарындылармен ұзақ уақыт бойы ластануы, аудандарда және өнеркәсіптік аумақтарда қауіпті концентрациясы бар химиялық заттармен тұрақты ластану аймағын құрайды. Қышқыл газды жағу нормасының артуы, күкірт тазарту жүйесін іске қосуды кідіртуі де жағымсыз факторлардың

туындауына әкеліп соғады. Атмосфералық ауаның ластануы адамдардың денсаулығының нашарлауы, ауылшаруашылық өнімдерінің сапасының төмендеуі, өсімдіктердің құнсыздануы, сондай-ақ жануарлардың табиғи ортасы үшін қолайлы аумақтардың азаюы, парниктік газ шығарындыларының артуы барлығы күрделі экологиялық жағдайды тудырады [2]. Өндірістік шығарындылар әсерінің салдарынан қан мен қан түзу мүшелерінің, тыныс алу жүйесінің және халықтың аллергиялық ауруларының артуы бағаланды. Көміртектің дисульфиді, хлор, көміртек тотығы, көмірсутектер, толуол, күкірт диоксиді және аммиак сияқты шығарындылар компоненттері адам ауруларының әртүрлі нозологиялық түрлерінің пайда болуына үлкен үлес қосады. Осыған байланысты кәсіпорын аумағындағы атмосфералық ауаның экологиялық тәуекелін бағалау өзекті болып табылады және халық пен қоршаған ортаны қауіпті химиялық қосылыстардан қорғау мәселе-

лерін шешуде, іс шаралар ұйымдастыруға үлкен мүмкіндіктер ашады [3].


#### Жұмыстың мақсаты:

Мұнай өндіретін кәсіпорынның жұмысы кезіндегі атмосфераға ластаушы заттардың шығарындысынан экологиялық тәуекелді бақылау және бағалау.

#### Зерттеу нысаны:

Мұнай өндіретін кәсіпорынның жұмысы кезіндегі атмосфералық ауаға тарайтын өндірістік шығарындылар.

Экологиялық тәуекелді бағалау — қауіпті факторлардың популяцияға және адам мен экожүйенің тұрақсыз фактордың әсеріне тұрақтылығын анықтауды бағалау. Тәуекелді бақылап, бағалау үшін ақпараттық жүйе қажет, яғни қоршаған ортаның, адам денсаулығының жай-күйі туралы, шаруашылық қызметтің болжамды бағыттары және оның ықтимал экологиялық салдары жайлы деректер керек [4].



Сурет 1. Экологиялық тәуекелді бағалау объектісінің моделі (нұсқа): 1-нысан элементтері, 2 — шығарынды көздері, 3 — тастанды көздері, 4-елді мекен, 5 — объект аумағының шекарасы, 6 — санитарлық қорғау аймағының шекарасы, 7 — су қоймасы, 8-жел бағыты, 9 — қалдықтар алаңы

Экологиялық тәуекелді бағалау үшін есептеулер жүргізілді. Ол үшін бізге қажетті материал ретінде төмендегілерді атап өтейік:

— шығарынды алаудың осі бойынша жер бетіндегі  $\text{NO}_2$  ең жоғары концентрациясы және ең жоғары концентрацияға қол жеткізілетін қашықтық;

— жедел уытты әсерлердің пайда болу қаупін және жинақталған жиынтық дозадан уытты әсерлердің пайда болу ықтимал уақытын есептеу (халық үшін созылмалы әсерлердің пайда болу уақыты);

— құрамында  $\text{NO}_2$  бар газ ауа қоспасын шашыратуға арналған құбырдың ең аз биіктігі (H min);

— желдің қауіпті жылдамдығы (Vm).

Атмосфералық температура градиентіне тәуелді коэффициенті 140-қа тең. Атмосфераға шығарылған зиянды заттардың массасы 1,05 г/с; Шығарылатын газ-ауа қоспасы мен қоршаған орта температураларының айырмасы  $52,8^\circ\text{C}$  екені анықталды.

$$Risk = 0,46 + (0,5 - 0,46) * (-0,056 - (-0,1)) / (0,00 - (-0,1)) = 0,478$$

Тәуекелдің сандық көрсеткіші ретінде көрсеткішті пайдалану, бір мезгілде жағымсыз фактордың екі сипаттамасын ескеретін — оның басталу ықтималдығы және оларға келтірілген залалдың мөлшерін, ықтимал апаттардың қауіптілігін талдау арқылы тәуекелдің жалпы мәні анықталды.

Мұнай өндіретін өнеркәсібінің атмосферасының ластану мониторингі мемлекеттік гидрометеорологиялық қызметі мен мемлекеттік экологиялық бақылау қызметінің тұрақты станцияларында жүзеге асырылды. Ауаны ластаушылардың орташа жылдық және ең жоғары шоғырлануы талданды. Өнеркәсіп аумағының атмосфералық ауасы рұқсат етілген гигиеналық нормативтерден жоғары ластанған. Кен орнының орталық бөлігіндегі ластану деңгейі Р көрсеткішімен (орташа жылдық шоғырлану) салыстырмалы түрде Солтүстік тұрғын ауданға қарағанда 1,5 есе жоғары деп анықталды. Қаланың орталық бөлігінде жедел әрекет ету қаупі 2,31 есе жоғары, созылмалы уыттану қаупі қаланың солтүстік тұрғынмен салыстырғанда 1,55 есе жоғары. Ауаның ластануынан жедел әрекет ету және созылмалы уыттану қаупін бағалау нәтижелері бойынша халықтың денсаулығы үшін аса қауіпті өлшенген заттар: азот оксидтері, көміртегі тотығы, фенол және формальдегид болып табылды [5]. Ауа райы температуралық инверсияға, шаң дауылына байланысты атмосфераның ластануы жоғары аумақтарға жатады. 2016–2019 жылдар аралығында зиянды заттардың орташа концентрациялары, азот диоксиді — 2,21 есе, азот оксиді — 1,76 есе, көміртегі оксиді-1,22 есе ШРК-дан асып түсті [6].

Ластаушы заттар шығарындыларының негізгі көлемі қазандықтарда, технологиялық пештерде және компрессорларда, газтурбиналық қондырғыларда, компрес-

сорлық станцияларда отын газын жағу, газды жалындатып жағу нәтижесінде пайда болады. Барлық ластаушы заттар шығарындыларының нақты жалпы көлемі 2019 жылы 395


мың тоннаны құрады (2018 жылы 351 мың тонна). Жаңа көздердің пайдалануға енгізілуіне байланысты шығарындылардың шамалы ұлғайғаны байқалды.

Кесте 1. Ластаушы зиянды заттардың жылдық концентрациясы

Жылдар	Күкірт диоксиді (SO <sub>2</sub> )		Көміртек оксиді (CO)		Азот диоксиді (NO <sub>2</sub> )		Күкіртті сутек	
	мг/м <sup>3</sup>	%	мг/м <sup>3</sup>	%	мг/м <sup>3</sup>	%	мг/м <sup>3</sup>	%
2016	0,126	0,8	5,0	0	0,3	5	0,010	25
2017	0,127	1,6	5,1	2	0,4	10	0,011	37,5
2018	0,128	2,4	5,2	4	0,5	15	0,012	50
2019	0,129	3,2	5,3	6	0,6	20	0,014	75
ШРК, мг/м <sup>3</sup>	0,125		5		0,2		0,008	
Қауіптілік классы	3		4		2		2	

Жұмыс орнынан шығатын зиянды заттарды артық дозада алса, яғни ШРК-дан асып кетсе, онда оның тәуекел қаупі артады. 1 кестеде көрсетілген. Зиянды заттың дозасы 1 мг-нан асқан жағдайда, экологиялық нашарлау пайызы да артып отырады. Қарастырылып отырған кен орнындағы қоршаған ортаны ластаушы шығарындыларды жеке есептеп пайызбен 3 суретте көрсетілген, сол

арқылы мүмкін болатын тәуекел анықталды. Жиынтық дозадан (халық үшін созылмалы әсерлердің пайда болу уақыты) уытты әсерлердің басталу ықтимал уақытын есептеу үшін ШРК-дан асып түсу жиілігін бағалау кезінде қабылданған регламентке сәйкес елді мекен ауасындағы химиялық заттарды регламенттеу жүйесіне негізделген теңдеуді пайдалану арқылы есептелді.



Сурет 2. Мұнай өндіру кәсіпорнындағы тәуекелдің артуы

Экологиялық тәуекелді есептеу әдісіне сәйкес, жеке тәуекелді есептеу барысында бізге қажетті адамның дене салмағының көлемі мен стандартты мәнін (70 кг), ауаны тәуліктік тұтыну (20м/тәул) және ауыз суды тұтыну (2л/тәул) деп есептеледі. Зиянды заттардың әсер ету қауіптілігі де осы сипаттамаларға байланысты. Экологиялық тәуекелді бағалаудың құрылымдық сұлбасы R1 — жабдықты тасымалдау немесе бұзу кезінде қоршаған ортаға ластаушы заттардың түсу тәуекелі; R2 — қоршаған ортаға ластаушы заттардың әсер ету тәуекелі; Rn-осы өндірістің экологиялық тәуекелі. Осы тәуекелдерді есептеу арқылы жалпы тәуекелді анықтап, 1 жылда мүмкін болатын тәуекел есептелді. 3 суретте, яғни графикте 2016–2019 жыл аралығындағы мүмкін болған жылдық тәуекелдер есептелді. Тәуекел 2017–2018 жылдары 40 пайызға көтерілген. Ал 2019 жылы 60 пайызға дейін артты [7].

ҚР СТ ИСО 17776–2004 (ИСО 17776:2000, IDT) стандартына сәйкес [8] тәуекел талдауын жүргізу үдерісі келесі негізгі кезеңдерді қамтиды:

- Негізгі факторлардың пайда болуынан талдауға негізделген қауіптерді сәйкестендіру.
  - Қауіпті жағдайдың нәтижесі болып табылатын тәуекелді бағалау;
  - Тәуекел дәрежесін жою немесе төмендету
- Қоршаған орта үшін ең жағымсыз салдар ретінде ұңғымадан шығарылатын көмірсутектердің шығарындыларынан келетін авариялық жағдайды айтуға болады. Жұмыс кезеңінде туындауы мүмкін осындай авариялық жағдайлардың қатарына:
- көмірсутектердің ұсақ және ірі төгілуі
  - жанбаған және жанған газдардың шығарындылары

**Авариялық жағдайлардың қоршаған ортаға әсерін бағалау әдістемесі.** Өндірістік объект қызметінің штаттық режимі кезінде қоршаған ортаға әсері авариялық жағдайлардың пайда болуы нәтижесінде әсерлерден күрт ерекшеленеді. Авариялық жағдайлардың қоршаған ортаға әсерін бағалау «Методических указаний по проведению оценки воздействия хозяйственной деятельности на окружающую среду» утвержденной Приказом Министра ООС РК № 270-п от 29.10.2010 [9] әдістемесі негізінде орындалған. Төтенше жағдайлардың әсерін бағалаудың негізгі кезеңдері:


1. Қоршаған орта үшін маңызды салдарға әкеп соқтыратын ықтимал қауіпті оқиғаларды анықтау.
2. Грифондардың пайда болу тәуекелділігін бағалау
3. Ықтимал төтенше жағдайлардың қоршаған ортаға әсерін бағалау
4. Қауіпті оқиғалардың туындау мүмкіндігін азайту және олардың салдарын азайту бойынша іс-шараларды әзірлеу.

Аварияның әрбір жағдайлары үшін экологиялық тәуекел деңгейін бағалау келтірілген (диссертациялық жұмыста нақтырақ көрсетілген) матрицаға сүйене отырып анықталады. Матрицада тік орналасуы бойынша қоршаған орта компоненттерінің өзгеру дәрежесі көрсетіледі. Әрбір өзгеріс дәрежесіне әсер ету маңыздылығы сәйкес келеді, ол штаттық жағдай үшін әсерді бағалау әдістемесі бойынша анықталады. Әрбір жағдай үшін экологиялық тәуекел деңгейі (жоғары, орташа және төмен) аварияның пайда болуының белгіленген жиілігінің бағанасы бар матрицаның тиісті қатарының қиылысындағы ұяшықпен анықталады.

Авариялардың әрбір жағдайы үшін экологиялық тәуекелдің нәтижелі деңгейі былайша айқындалады:

- Төмен (Т) — қолайлы тәуекел / әсер.
- Орташа (О) — тәуекел/егер тиісті түрде басқарылса, қолайлы әсер
- Жоғары (Ж) — тәуекел/қолайсыз әсер.

Желдің қауіпті жылдамдығының айырмашылығы —  $(0,53-0,48)/0,53 * 100=9,4\%$ . Уытты әсердің ықтимал әсер ету уақыты — 25 жыл.




Сурет 3. Магистралды мұнай құбырлары желісі бар суланған батпақтар мен су объектілерінің картосхемасы

Суретте спутниктік деректерді пайдалана отырып мұнайдың авариялық төгілуінің экологиялық тәуекелдерін бағалау көрсетілген. Картосхемада зерттелетін аумақта болуы мүмкін мұнай төгінділерінің әсер ету аймағы, буферлік аймақтың ені мұнай құбырлары желісінің екі жағынан 1 км деп белгіленген.  $T_0=25$  жыл — уытты әсердің болу ықтималдығы ( $p < 0,05$ ). 4 суретте көрсетілген дерек бойынша бағаланатын кезеңде елді мекендердің атмосфералық ауасындағы зиянды заттың шоғырлануының орташа мөлшері келтірілген. Мұнай өндіру кәсіпорнының шығарындыларын салыстырмалы

түрде есептеп қарағанда, 395 т/жыл шығатын зиянды заттардың уытты әсері 25 жылға дейін созылуы ықтимал. ШРК-дан 2 есеге жоғары. Бұл жерде құбыр биіктігіне байланысты да зиянды заттардың көп шоғырлануы есепке алынды. Есептеулер шығарындылар мөлшері үшін құбыр биіктігі 50 м болса, ол жеткіліксіз болып саналады, яғни есептелген ең төменгі биіктік кемінде 135 м болуы тиіс. Сол кезде атмосфераның жер бетіндегі қабаттың зиянды заттардың концентрациясы ШРК-дан аспайды. Экологиялық тәуекел көрсеткіші 50% — ға төмендейді.





Сурет 4. Ластаушы шығарындылардың жеке шоғырлану тәуекелінің пайызы

Яғни көміртегі оксиді 53%, жоғары көрсеткішті көрсетіп тұр. Әрбір ортада ластаушы құрамының шоғырлану деңгейін анықтау үшін аналитикалық өлшеу нәтижелері немесе модельдеу жолымен алынған ластаушы концентрациясы пайдаланылды. Көміртегі тотығының көп болуы қандағы карбоксигемоглобин құрамының пайыздық өзгеруі, жүрек ауруларын, 35–37 жастағы стенокардия аурауын науқастарда ұстамалар жиілігінің өзгеруі сияқты мүмкін болатын қауіптерді туғызады.

Авариялық жағдайлардың туындау тәуекелдерін азайту бойынша ұсынылатын іс-шаралар сақталған кезде мұнай кен орны аумағындағы көзделіп отырған қызмет қоршаған ортаға әсері орташа деп бағаланды. Болжамға сәйкес экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін атмосфераға Тасталынатын шығарындыларды азайту жөніндегі төмендегідей іс-шаралар ұсынылды:

1. Көмірсутек шикізатын өндіру кезінде шикі газды ұдайы жағуды тоқтату;
2. Парниктік газдар шығарындыларын азайту және «Көміртегі ізін» азайту жөніндегі іс-шараларды жүргізу;
3. Пайдаланылған газдарда сақталатын ластаушы заттарды жоспардан тыс тексеру жүргізу
4. Шығарынды заттардың уыттылығын бақылау мақсатында автоматты қондырғыларды техникалық қадағалау; [11].

Зерттеу нәтижелері келесі қорытындыларда көрсетілген:

Әдебиет:

1. Дорошин Г. «Методика расчета выбросов загрязняющих веществ в атмосферу от стационарных дизельных установок», РНД 211.2.02.04–2004, Астана-2004 г.; [1]
2. Төрегожина Ж.Р., Жүнісова М.А. «Қауіпсіздік және тәуекел». — Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2012 ж. [2]
3. Ақбасова а. Ж., саинова г. ә., экология. Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. Алматы, 2003 [3]
4. Амангазиева г. д., экономика нефтяной и газовой промышленности. Учебное пособие. алматы «экономика», 2004 г. [4]

Мұнай газ өнеркәсібінің зерттеліп отырған кен орнының ластану деңгейі алдыңғы жылмен салыстырмалы түрде 1,5 есе жоғары екені анықталды. Ауаның ластануынан жедел әрекет ету және созылмалы уыттану қаупін бағалау нәтижелері бойынша халықтың денсаулығы үшін аса қауіпті өлшенген заттар, азот оксидтері, көміртегі тотығы, фенол және формальдегид болып табылды. Формальдегид негізінен ауаның ластануынан канцерогендік тәуекелдердің пайда болуына ықпал етеді. Қоршаған орта компоненттеріне әсер ету қарқындылығы шекті мәннен бастап, одан төмен әсер ету деңгейі төмен болып табылады, яғни әсерді интегралдық бағалау 9–27 деген балл көрсеткішімен сипатталады. Қарастырылып отырған аумақта экологиялық тәуекел тым жоғары, себебі халықтың жедел уытты әсерлердің пайда болу қаупі және созылмалы уытты әсердің болуының ықтимал уақыты 25 жылдан төмен емес.

Ұсыныс ретінде, қосымша тазалау жүйесін орнату; шығарылатын заттың массасын азайту немесе құбыр биіктігін арттыру үшін өндірісті жаңғырту. Зауыттағы мұнайдың төгілуінің негізгі себебі — коррозиялық процестердің әсерінен кәсіптік мұнай құбырларының тесілуі болып табылады. Сондықтан, олардың бүтіндігі мен сенімділігін арттыруға бағытталған құбырларды диагностикалау, қайта жаңарту, ауыстыру, тежеу және тазарту бойынша іс-шараларды уақытылы және сапалы орындауы тиіс.

5. Лұқпанов ж., нүсіров н. Химиялық ұлы препараттардың анықтамалығы. «қайнар баспасы» алматы 1999ж [5]
6. Диаров М.Д., Гиладжов Е.Г., Димеева Л.А. и др. Экология и нефтегазовый комплекс. — Алматы: Ғалым, 2003. — Т. 2. — 340 с. [6]
7. Фаизов К.Ш., Асанбаев И.К., Абдукаймова А.М. Современные проблемы загрязнения почв нефтепромыслов Прикаспия // Нефть и газ. — 2005. — № 1. — с. 64–68. [7]
8. Об утверждении минимальных нормативов и требований к ресурсам, необходимым для ликвидации разливов нефти на море, внутренних водоемах и в предохранительной зоне. приказ Министра энергетики Республики Казахстан от 18 апреля 2018 года № 130. [8]
9. «Методических указаний по проведению оценки воздействия хозяйственной деятельности на окружающую среду» утвержденной Приказом Министра ООС РК № 270-п от 29.10.2010 [9]
10. Гойшиев Т.Қ. Ж «Методике расчета выбросов вредных веществ в окружающую среду от неорганизованных источников нефтегазового оборудования», РД 39.142-00; [10]
11. Н.Б. Утепов и др. «Единые технические правила ведения работ при строительстве скважин на нефтяных, газовых и газоконденсатных месторождениях Республики Казахстан», Актюбинск; 1995 г. [11]

## Термофрикциялық фрезалап жону кезінде кесу аймағындағы температураның өзгеруіне кесу режимінің әсерін зерттеу

Базылханов Ерасыл Сералиевич, магистратура студенті;  
Мусаев Медгат Муратович, PhD докторы;  
Шеров Карибек Тагаевич, техника ғылымдары докторы, профессор;  
Жунус Айғаным Абаевна, магистратура студенті;  
Сарымбай Аңсаған Кенжебайқызы, магистратура студенті;  
Бактыбай Ислам Серғазыұлы, магистратура студенті;  
Таубебаева Айжан Ержановна, магистратура студенті;  
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

*Бұл мақалада авторлар соңғы элементтер әдісі арқылы термофрикциялық фрезалап жону кезінде кесу аймағындағы температураның өзгеруіне кесу режимінің қалай әсер ететінін зерттеген.*

*Кілт сөздер: термофрикция, фрезалап жону, температура, тор, соңғы элемент, деформация, дайындама, құрал.*

## Исследование влияния режима резания на изменение температуры в зоне резания при термофрикционном фрезоточении

Базылханов Ерасыл Сералиевич, студент магистратуры;  
Мусаев Медгат Муратович, PhD, старший преподаватель;  
Шеров Карибек Тагаевич, доктор технических наук, профессор;  
Жунус Айғаным Абаевна, студент магистратуры;  
Сарымбай Ансаған Кенжебайқызы, студент магистратуры;  
Бактыбай Ислам Серғазыұлы, студент магистратуры;  
Таубебаева Айжан Ержановна, студент магистратуры  
Карагандинский государственный технический университет (Казахстан)

*В статье авторы исследовали влияние режима резания на изменение температуры в зоне резания при термофрикционном фрезоточении методом конечных элементов.*

*Ключевые слова: термофрикция, фрезоточение, температура, сетка, конечный элемент, деформация, заготовка, инструмент.*

Металдарды өңдеу күрделі процесс болып табылады, ол бірқатар физикалық және химиялық құбылыстармен бірге жүреді. Кесу процесінің физикасын зерттеу өңдеу өнімділігін және өңделген беттердің сапасын арттыра отырып, осы процесті тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Кесу процесі жоңқаға, құралдарға, өңделетін дайындамаға және қоршаған ортаға таралатын жылудың бөлінуімен сипатталатыны белгілі.

Термофрикциялық өңдеу (ТФӨ) кезінде кесу температурасы жалпы өңдеу процесіне, өңделетін беттің сапасына әсер етеді. Тез айналмалы кескіш дискі (КД) қозғалып келе жатқан дайындамамен түйісу аймағында пайда болған үйкеліс күші қажет температураны алуға мүмкіндік береді [1].

Термофрикциялық кесу процесі кезінде кескіш кесе дайындаманың жоғарғы қабатын жылытады. Кесу режимдерін өзгертіп, бақыланатын қабаттың температурасының таралуын реттеуге болады. Үйкеліс температурасын өзгерте отырып, пластикалық деформация дәрежесін, құралдың тозуын және кесудің басқа да параметрлеріне өзгертуге болады [2, 3].

Өңделген беттің сапалық көрсеткіштері жылу факторларына тікелей байланысты. Сондықтан, термофрикциялық фрезалап жону кезіндегі кесу аймағындағы температурасының өзгеруіне кесу режимінің әсерін зерттеу ғылыми қызығушылық тудырады және өзекті болып табылады. Осы мақсатта кесу режимдерінің құрал және дайындаманың жоғарғы қабатының температураларының таралуының өзгеруіне әсерін зерттеу қажет.

Зерттеу соңғы элементтер әдісімен жүргізілді. Үлкен деформациялар кезінде материал қалпының көптеген заңдары бар. Есептеу үшін СЭ-тор элементтерінің бұзылу критеріі ретінде Джонсон-Кук моделі таңдалды. Ол үлкен пластикалық деформацияларымен және температураның градиенттерімен туындаған адиабаталық жылжымалы құбылыстарды ескереді [4].

Есептеу үшін қолданылатын, дайындама (30ХГСА) және кескіш құралдың (65Г болаты) механикалық қасиеттері 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте. Материалдардың механикалық қасиеттері

Материалдар	Тығыздығы $\rho$ , кг/м <sup>3</sup>	Юнг модулі $E$ , ГПа	Пуассон коэффициенті	Меншікті жылуөткізгіштігі $c_p$ , Дж/(кгС)	Жылуөткізгіштігі , Вт/(мС)	Бастапқы Температура $T_f$ , °С	Балқу Температурасы $T_f$ , °С
30ХГСА	7850	215	0.3	466	39	22	1030
Болат 65Г	7850	215	0.3	469	79	22	1500

Есептеулер келесі өңдеу режимдері үшін орындалды (2 кесте).

2 кесте. Өңдеу режимдері

Тәжірибе	Өңдеу режимдері			
	$n_{шп}$ , айн/мин	$N_{инст}$ , айн/мин	$S$ , мм/мин	$t$ , мм
1	200	3000	10	1,0
2	250	3000	10	1,0
3	315	3000	10	1,0
4	500	3000	10	1,0
5	630	3000	10	1,0
6	630	3000	20	1,0
7	630	3000	30	1,0
8	630	3000	40	1,0
9	630	3000	50	1,0
10	630	3000	60	1,0

Джонсон Кук моделі кернеудің  $\sigma$  деформация дәрежесіне  $\epsilon$  (%) және жылдамдығына, сондай-ақ температурасына  $T$  тәуелділігін орнатады және мультипликативті түрде үш функцияға бөлінуі мүмкін [4]:

$$\sigma = (A + B \cdot \epsilon^n) \left( 1 + C \cdot \frac{\ln \epsilon}{\epsilon_0} \right) \left( 1 - \left[ \frac{T - T_0}{T_f - T_0} \right] \right) \quad (1)$$

мұндағы,  $A$  — қарастырылатын материалдың икемділік шегі,  $B$  және  $n$  сәйкесінше жапсырманың сызықтық және сызықты емес параметрлері.

Дайындаманың материалдарына арналған Джонсон-Кук моделі параметрлерінің мәндері 3 кестеде көрсетілген.

## 3 кесте. Джонсон-Кук моделінің параметрлері [4, 5]

Материалдар	A, МПа	B, МПа	C	n	m
30ХГСА	1680	500	0,5	0,015	1,0
65Г болаты	410	280	0,47	0,0037	1,1

Адаптацияланған бұзылудың критеріі Джонсон-Кук заңымен байла-нысты. Бұзылу әрбір элемент үшін есептеледі, келесі моменттен бастап:

$$\omega = \sum \frac{\Delta \bar{\varepsilon}}{\Delta \bar{\varepsilon}_f}, \quad (2)$$

мұндағы,  $\Delta \bar{\varepsilon}$  — пластикалық деформацияны нәтижелейтін инкремент,  $\Delta \bar{\varepsilon}_f$  — материал бұзылуының нәтижелуші деформациясы [4, 6].

$\omega = 1e$  кезінде материалда бұзылулар басталады.

Джонсон-Куктің бұзылу туралы моделі үлкен деформациялар кезіндегі термомеханикалық процестерді ескереді. Бұзылудың нәтижелік пластикалық деформациясының теңдеуінің жалпы түрі:

$$\bar{\varepsilon}_f = [D_1 + D_2 \cdot \exp(D_3 \cdot \sigma^*)] \cdot [1 + D_4 \cdot \ln \bar{\varepsilon}^*] \cdot [1 + D_5 \cdot T^*], \quad (3)$$

мұндағы,  $\sigma^*$  — орташа кернеудің ( $\sigma_m$ ) және нәтижелуші вон Мизес ( $\bar{\sigma}$ ) кернеуінің қатынасы;  $\bar{\varepsilon}^*$  — деформацияның есептік жылдамдығы  $\dot{\varepsilon}$  мен деформация жылдамдығына  $\dot{\varepsilon}_0$  сезімталдық сәтін сипаттайтын шегі бар пластикалық деформацияның өлшемсіз дәрежесі.

Өлшемсіз температуралық коэффициент  $T^*$  теңдеуі келесідей:

$$T^* = (T - T_0) / (T_f - T_0), \quad (4)$$

мұндағы,  $T_f$  — материалдың балқу температурасы;  $T_0$  — бастапқы температура;  $D_1$  — бұзылудың бастапқы деформациясы;  $D_2$  — экспоненциалды фактор;  $D_3$  — үш осьтік фактор;  $D_4$  — деформация жылдамдығының факторы;  $D_5$  — жылу факторы [4, 7].


Дайындаманың бұзылуының пластикалық деформациясы (3) теңдеуінің параметрлері 4 кестеде көрсетілген.

## 4 кесте. Дайындамалардың бұзылуының пластикалық деформациясының параметрлері [4, 5]

Дайындамалар	$D_1$	$D_2$	$D_3$	$D_4$	$D_5$
30ХГСА	0,54	4,89	-3,03	0,014	1,12
65Г болаты	0	1,3	-0,17	0,063	2,8

Сызықтық емес есептеу Explicit Dynamic модулінде орындалды және ол бірнеше тармақтардан тұрады: geometry, materials, coordinate systems, connections, mesh, explicit dynamic.

Geometry-де дайындаманы фрезалап жону үшін үш өлшемді есептік сызба жасалды (1 сурет), онда әрбір өзара әрекеттесетін элементтеріне материал түрі берілген. Мұнда, дәл осы кезде материалдың түрін деформацияланатын немесе мүлдем қатты деп таңдап, оны өзгертуге болады.




1 сурет. Дайындаманы фрезалап жонудың 3D есептеу схемасы

Materials тармағында таңдалған материалды көру және материалдар параметрлерін өзгерту мүмкіндігі бар. Координаталардың жергілікті цилиндрлік жүйелері coordinate systems пунктінде құрал-дайындама үшін жылжу және бұрылу жолымен таңдалды.

Connections-те байланыс жұптары (contacts) «құрал-дайындама» (2 сурет) құрылды. Үйкеліс коэффициенті  $f=0,65$  тең деп алынды.


**Frictional - Tool To Tool**

Frictional - Tool To Tool



2 сурет. «Құрал-дайындама» контактілі жұбын құру

Mesh-те құрал-дайындаманың соңғы элемент торы құрылды (3 сурет).




3 сурет. Құрал мен дайындаманың соңғы элементтік торы

Explicit dynamic-те шекаралық шарттары берілген. Мұнда кесу режимдері, яғни, құрал мен дайындаманың айналу (айналым саны), сондай-ақ, құралдың орнын ауыстыру (беріліс) параметрлері беріледі (4 сурет).

**A: Explicit Dynamics**  
Displacement  
Time: 1.5532e-003 s

**A** Displacement  
**B** Displacement 2



4 сурет. Құрал мен дайындаманың шекаралық шарттары


Solve батырмасы арқылы шекара шарттарын жасағаннан кейін шешушіні іске қосамыз. Есептеу сызықтық емес болып саналады, дөрекі соңғы элементтер дұрыс емес нәтижеге жеткізетіндіктен, соңғы элементке ерекше назар аудару қажет, сондықтан да, түйісу орнындағы соңғы элементтік торының сапасын жақсарту қажет. Жақсарту деп соңғы элемент өлшемін азайту, тораптардың атрибуттарын өзгерту және элементтердің пішінін жақсартумен түсіндіріледі, яғни, элементтердің өлшемдері байланыс аймағының қашықтығына байланысты өзгереді. Бұл тәсіл шешім шығару процесінде машина уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді [8, 9].

Есептеу нәтижесінде, фрезалап жону процесін модельдеу кезінде құралдағы және дайындамадағы температураның бөлінуі алынды.


5,6 суреттерде бірінші тәжірибеге сәйкесінше құрал мен дайындаманың бетіндегі температураның таралу картиналары көрсетілген.

**A: Explicit Dynamics**  
TEMPERATUREALL  
Expression: TEMPERATUREALL  
Unit: °C  
Time: 1.e-002  
Cycle Number: 129043

**33.551 Max**  
32.482  
31.412  
30.343  
29.274  
28.205  
27.135  
26.066  
24.997  
**23.928 Min**



0.00 25.00 50.00 75.00 100.00 (mm)




5 сурет. Құрал денесіндегі температураның бөлінуі

Температураның өзгеру бағаны бойынша бірінші тәжірибе үшін ең жоғары кернеу  $33,6^{\circ}\text{C}$ -қа тең екені көрсетілген.


**A: Explicit Dynamics**  
TEMPERATUREALL  
Expression: TEMPERATUREALL  
Unit: °C  
Time: 1.e-002  
Cycle Number: 129043

**622.74 Max**  
556  
489.25  
422.51  
355.76  
289.01  
222.27  
155.52  
88.778  
**22.033 Min**



6 сурет. Дайындаманың денесіндегі температураның бөлінуі


Мұнда, сурет бойынша температураның өсуі байқалады, содан кейін тұрақты болуға тырысатынын көруге болады.



7 сурет. Әр түрлі кесу режимдерінде дайындамадағы температураның өзгеру кестелері

Бұл суреттерде біраз уақыт бойы тегіс, сатылы өсу, ал кейде өңдеу режимдеріне байланысты дайындама денесіндегі температураның күрт өсуі орын алады.

Есептеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ, өңдеу режимдері тізбесінен құрал мен дайындама температурасының өзгеру графигі алынды (8 сурет)



8 сурет. Өңдеу режимі тізбесінен құрал мен дайындаманың температурасының өзгеру графигі (тәжірибе)

8 сурет бойынша дайындаманың денесіндегі температура іс жүзінде өзгермейді, ал құралдың (кесетін құрал) температурасы 6-шы тәжірибеге дейін өзгермей тұрақты болып қалады, бірақ содан кейін күрт өсуі орын алады. Температураның бұл күрт өсуін құралдың берілісінің жоғарылауымен байланыстыруға болады. Бұл жұмыс кесу тереңдігінің және дайындаманың осіне қатысты құралды орнату бұрышының әсерін одан әрі зерттеуді талап етеді.

Әдебиеттер:

1. Зарубицкий Е. У. Термофрикционная обработка плоских поверхностей деталей // Пути повышения эффективности использования режущего инструмента. — М., 1987. с. 71–74.
2. Струтинский В. Б., Покинтелица Н. И. Механизм формирования волнистой поверхности при термофрикционной обработке деталей // Вестник Севастопольского национального технического университета. Машиностроение и транспорт. 2014. Вып. 160. с. 161–169.
3. Пенкин Н. С., Пенкин А. Н., Сербин В. М. Основы трибологии и триботехники: учеб. пособие. — М.: Машиностроение, 2008. 206 с.
4. Sherov K. T., Sikhimbayev M. R., Sherov A. K., Donenbayev B. S., Musayev, M. M. Mathematical modeling of thermofrictional milling process using ansys wb software // Journal of Theoretical and Applied Mechanics, Sofia, Vol. 47 No. 2 (2017) pp.24–33.
5. Zhang Y., Mabrouki T., Nelias D., Gong Y. FE-model for Titanium alloy (Ti-6Al-4V) cutting based on the identification of limiting shear stress at tool-chip interface. // Springer-Verlag France. — 2010.
6. Ducobu F., Filippi E., Riviere-Lorphevre E. Modelisation de l'influence de la profondeur de coupe en micro-coupe orthogonale. // 19eme Congres Francais de Mecanique. 24–28 aout 2009. — Marseille 2009.
7. Bacaria J. L. Un modele comportemental et transitoire pour la coupe des metaux. — Toulouse, 2001.
8. ANSYS Modeling and Meshing Guide. USA: ANSYS, A. W. 11.0, Inc., 2006.
9. Lias M. R. Evaluation of Spur Gear Pair on Tooth Root Bending Stress in Radial Misalignment Contact Condition/ Awang M., Rao T. V. V. L. N., Ahmad M. F. A and Patil S. — MATEC Web of Conferences 13. — 2014.



## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құрылымында заманауи басқару технологияларын енгізу тетіктері

Баймағанбетов Жәнібек Сағындықұлы, магистрант  
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы (Нұр-сұлтан қ.)

Бұл мақалада мемлекеттік билік органдары, сондай-ақ жетекші отандық және шетелдік компаниялар пайдаланатын персоналды басқарудың заманауи технологияларын қолдану тәжірибесі қарастырылады. Осы орайда ғылыми ізденістің нәтижесі бойынша заманның ағымына сай Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі саласында болып жатқан реформалардың негізгі бағыттары ескеріле отыра, мемлекеттік органның жүйесіне кадрлармен жұмыс істеу бағыттарын жетілдіру үшін бірқатар заманауи басқару технологияларын қолдану мүмкіндігі туралы ұсыныстар жасалынады.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік технологиялар, заманауи басқару технологиялары, персоналды басқару технологиялары, кадрлық технологиялар, assessment-center, бағалау орталығы, case-study, нақты жағдайлар әдісі, кәсіпке тән модельдеу технологиялары, 360 градус тәсілдері.

## Механизмы внедрения современных управленческих технологий в структуре Министерства внутренних дел Республики Казахстан

Баймағанбетов Жәнібек Сағындықович, студент магистратуры  
Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан (г. Нур-Султан, Казахстан)

В данной статье рассматривается опыт применения современных технологий управления персоналом, используемых органами государственной власти, а также ведущими отечественными и зарубежными компаниями. В этой связи по результатам научных изысканий будут представлены предложения о возможности применения ряда современных управленческих технологий для совершенствования направлений работы с кадрами в системе Министерства внутренних дел Республики Казахстан. Вместе с тем, при выработке предложений учитываются изменения, вводимые в систему органов внутренних дел в рамках реализации программы реформирования системы.

**Ключевые слова:** социальные технологии, современные управленческие технологии, технологии управления персоналом, кадровые технологии, assessment-center, центр оценки, case-study, метод конкретных ситуаций, технологии профессионального моделирования, методы 360 градусов.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік қызметі реформалау бойынша белсенді жұмыстарына байланысты басқарудың заманауи теориялары өте маңызды бола бастады, осы теорияны қолдану барысында «әлеуметтік технологиялар» термині белсенді түрде қолданылады. Бұл терминнің негізі мағынасы әлеуметтік қатынастармен анықталады және кадрлық мәселелерді шешуге бағытталған. Ал әлеуметтік технологиялардың негізгі бөлігі, ол персоналды басқарудың заманауи технологиялары немесе кадрлық саясат технологиясы болып саналады. Аталынған технологияларды Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі жағдайында қолдану және бейімдеу қазіргі қазақстандық қоғамның қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген және толықтырылған нормативтік-құқықтық базаларға негізделген.

Жоғарғыда аталған негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі үшін бүгінгі таңда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заң негізгі құжат екендігі сөзсіз [1]. Әрине шынында да,

бұл заң негізгі құжаттардың бірі, алайда осы құжатпен қатар мемлекеттік органдардағы кадр қызметі үшін «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың кадр комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 520 Жарлығының маңыздылығын атап өту қажет [2].

Сонымен бірге, қазіргі заманауи басқару технологияларын қолданудың өзектілігі «Қазақстан-2050» елдің басты стратегиялық құжатынан туындайтын республикалық масштабтағы реформа бағдарламаларын іске асырудың аралық нәтижелерімен және мемлекеттік қызмет жүйесін дамыту бағыттарымен тығыз байланысты [3].

Стратегиялық құжаттарды түсіну және мемлекеттік органның кадр саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу үшін ең алдымен «стратегия» деген не екенін түсіну қажет. Күні бүгінге дейін біз әр түрлі ақпарат көздерінен «стратегия» сөзінің әрдайым жаңартылған тұжырымдамасын оқып жатамыз. Алайда, «стратегия» сөзінің

неғұрлым түсінікті және ерекше анықтамасын Hambrick, D. C. & Fredickson, J.W. (2001) авторлардың «Are You Sure You Have a Strategy» (қазақша: Сіз стратегияңыз бар екендігіне сенімдісіз бе?) жұмысынан таптық. Бұл жұмыста стратегия — ол ұйымның өз мақсатына қалай жететіні туралы орталықтандырылған және интеграцияланған тұжырымдамасы деп айтылады. Сондықтан, стратегиясыз уақыт пен ресурстар бөліктерге ыдырап оңай жоғалады, сонымен қатар атқарылған іс-әрекеттер нәтижесі бөлініп кетеді делінген [4]. Бұл анықтамамен келіспеу қиын, және стратегия бізге түсінікті басшылық ретінде заманауи басқару технологияларының Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі саласына аса қажеттілігін айқындай түседі.

Бұған қоса, Peter F. Drucker (2001) өзінің 60 жылдан астам менеджмент саласындағы еңбегін қорытындылай келе жазған «The Essential Drucker: The Best of Sixty Years of Peter Drucker's Essential Writings on Management (Collins Business Essentials)» шығармасында атап өткендей, «білімді қоғам» адамзат тарихындағы кез-келген басқа қоғамға қарағанда бәсекеге қабілетті болып табылады. Мұның себебі қарапайым: қазіргі күні заманауи технологиялардың дамуы себебіне байланысты білім барлығына қол жетімді болғаннан кейін, «жаман жұмыс» деген сөздің ақталуы болмайды. Яғни сіз қолдағы мүмкіншілікті пайдалана отыра, өзіңіздің жұмыс салаңызды өзгертуге қабілетті боласыз. Сонымен бірге, Peter F. Drucker тұжырымдамасы бойынша жоғарғыда аталған салдар себебінен «кедей» мемлекет деген ұғым мүлде болмайды. Тек заманауи өзгерістерді енгізуге талпынысы жоқ «надан» мемлекеттер ғана қалады [5]. Бұл тұжырымдама мемлекеттік қызметтің басқару жүйесін реформалау, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің басқару жүйесін заманға сай болуына ұмтылыс идеологиясының негіздемесі ретінде қарастырған жөн деп есептейміз.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жүйесінде қолданылатын кадрлық технологиялар, әдетте, басқару циклінің негізгі кезеңдерін қамтиды және полиция қызметкеріне қойылатын жаңа талаптарды ескере отырып үнемі дамып келеді. Алайда, Министрліктің қызметіне басқарудың қазіргі таңда қолдану нәтижесі тиімді екендігі дәлелденген бірнеше инновациялық технологияларды енгізу бірқатар себептер бойынша қиын болып келеді, себебі бұл процедуралар күрделі, жұмыстық жағынан ауқымды, қаржылық құны қымбат, сонымен қатар білікті мамандардың жаңа басқару технологияларын мемлекеттік органның ерекшеліктеріне бейімдеу бойынша қосымша жұмыстар өткізу қажеттілігімен қиындықтар туғызуы әбден мүмкін.

Осыған қарамастан, түрлі салалар мен ұйымдардағы үздік кадрлық басқару элементі ретінде қолданылып жүрген технологиялардың тәжірибесін зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне жүктелген стратегиялық маңызды міндеттерді шешу үшін персоналды басқарудың заманауи технологияларын қолдану салада атқарылып жатқан жұмыстардың тиімділігін артыруға жол ашады деп есептейміз.

Мысалы, заманауи басқару технологияларын Ішкі істер министрлігі үшін кадрларды стандарттау процедурасы кезінде қызметкерлерді бағалау жүйесін жетілдіру, іріктеу, ұйым ішіндегі қозғалыстар, жоғарылату резервін қалыптастыру, оқыту мен біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу, қызметкерлерді ынталандыру және осындай жүйелі мәселелерді шешу үшін қолдануға болады [6]. Айтып өтетін жағдай, ол полиция саласында бүгінгі күнге дейін қолданылатын рәсімдер мен әдістер тек қана нәтижелердің объективтілігін қамтамасыз ете отыра, қажетті бағалау рәсімдерін жан-жақты жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Сондықтан Ішкі істер министрлігінің кадрлық қызмет саласын дамытудың келешегі «Assessment-center» (бағалау орталығы), «Case-study» (нақты жағдайлар әдісі), «кәсіпке тән модельдеу» технологиялары, «360 градус» тәсілдері сияқты кадрлық заманауи технологияларды енгізумен байланысты болуы қажет [7].

**Assessment-center (бағалау орталығы әдісі)** — бұл адами ресурстарға қатысты қолданатын процедура, яғни персоналды бағалау және дамыту тұрғысынан немесе ұйымның тиімділігін арттыруға байланысты қабілеттіктерді нығайту үшін жүргізілетін басқару технологиясы [8]. Басқа сөзбен айтқанда, бұл технология сарапшылар тобымен сұхбаттасу, тестілеу іс-шараларын жүргізу, проблемалық тапсырмалар түрінде жұмыс жағдайларын модельдеу арқылы жүзеге асырыла отырып, қызметкерлердің кәсіби маңызды қасиеттерінің жиынтығын жан-жақты бағалауға арналған.

Осыған қоса, George C. Thornton III, Deborah E. Rupp (2006) өз еңбектерінде бағалау орталықтарын адам ресурстары тұрғысында келесідей үш мақсаттар үшін пайдалануға болады деп тұжырымдаған:

- кімді таңдау немесе лауазымын жоғарлату туралы шешім қабылдау;
- дамудың алғышарты ретінде жұмысқа байланысты дағдылардың мықты және әлсіз жақтарын қарастыру;
- жеке құрамда жұмысқа байланысты дағдыларды дамыту [8].

Жоғарғыда айтылған негізінде, басқарушы қызметтегі тұлғалар бағалау орталықтарын құруын белгілі бір мақсатты ескере отыра жобалап, сондай-ақ ол қандайда бір тиісті деңгейде қызмет атқаратынын нақтылап барып жасауы қажет.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ішкі істер жүйесінде тиімді қолданудың жоғары ықтималдығы бар проблемалық жағдай атты тәсілге негізделген «**case-study**» (нақты жағдайлар әдісі) технологиясын қарастыруға болады. Бұл технологияны бағалау процесінде оны өтіп жатқан қызметкерге қажетті білім кешенін өзектілендіре және аталған қызметкердің белгіленген жағдайларда мінез-құлқының ықтимал моделін бағалауға мүмкіндік беретін нақты кәсіби жағдайларды ұғыну деп қарастырылған абзал.

Зерттеу нысаны оның әлеуметтік, саяси, ұйымдастырушылық немесе экономикалық контекстінде зерттелетін «case-study» бойынша зерттеулер әлеуметтік және басқару

ғылымдары арасында кең таралған тәсілдердің бірі болып табылады.

Көптеген авторлар «case-study» зерттеулерін сипаттайтын анықтамалық тұжырымдаманы Robert K. Yin (2009) «Case Study Research: Design and Methods» атты еңбегінде көрсеткендей «Case-study — қазіргі құбылысты терең және нақты өмір контекстінде зерттейтін эмпирикалық сұрау, әсіресе құбылыс пен контекст арасындағы шекара айқын емес болған кезде жасалынды» деген анықтамаға сай деп есептейді [9].

Басқа сөзбен айтқанда, зерттеу нысаны нақты өмір сүретін құбылыстың мысалы ретінде, оның аясында болатындай жан-жақты зерттеледі.

Сонымен қатар, бұл технологияның тағыда бір ерекше анықтамасы көптеген жылдары осы сала бойынша ғылыми еңбектер жазған Jan Dul және Tony Hak (2007) авторларының «Case Study Methodology in Business Research» шығармасында «Case Study — бұл нақты жағдайдағы а) бір жағдайды (жеке кейстерді зерттеу) немесе аздаған жағдайларды (салыстырмалы кейс-стади) таңдайтын және б) осы жағдайлардан алынған ұпайларды сапалы талдайтын зерттеу тәсілі» деген тұжырымға келген [10].

Қазіргі уақытта «case-study» технологиясының екі классикалық мектебі бар — Гарвард (американдық) және Манчестер (еуропалық) [11].

Бірінші мектеп аясында технологияның мақсаты жалғыз дұрыс шешімді іздеуді үйрету болып табылады, екіншісі — проблеманы шешудің көп бағыттарын қарастыруын көздейді.

Осы технологияны қызметкерлердің кәсіби жарамдылығы деңгейін анықтау мақсатында, соның ішінде атап айтқанда ішкі істер органдар саласы қызметіне үміткерлерді іріктеу барысында қолданылуы өзекті болып табылады. Сондықтан, ішкі істер органдар саласының ерекшелігіне бейімделген тиісті әдістемелік және бағдарламалық құралдарды әзірлегеннен кейін «case-study» технологиясы аясындағы іс-шараларды кадр аппараты қызметкерлерінің және құрылымдық бөлімшелер басшыларының күшімен жүзеге асыруға әбден болады.

«Case-study» технологиясының көмегімен қызметкерлер аналитикалық және практикалық дағдыларын көрсетуге және жетілдіруге, топта жұмыс істеуді және қойылған проблемалардың неғұрлым ұтымды шешімін табуға бейімделеді.

«**Кәсіпке тән модельдеу**» технологиясын практикаға енгізу кадрларды іріктеу және орналастыру жүйесін оңтайландыруға, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадр резервін қалыптастыру мен дамытуға ықпал ететін болады.

Бұл технология қызметтік іс-әрекеттің барлық бағыттары үшін базалық құзыреттіктерді анықтауға негізделген кәсіби іс-әрекеттің ең жақсы моделін құру және пайдалану жүйесін білдіреді. Сонымен қатар, ішкі істер органдары құрылымындағы қызметтік іс-әрекеттің барлық түрлерінің кәсіби және психологиялық сипаттамаларына негізделген кешенді базасын әзірлеу мен енгізуді көздейді.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінде қолданылатын жеке құрамды аттестациядан өткізу рәсімі оңтайландыруды қажет етеді. Себебі осы саладағы қалыптасқан жұмыс жүйесі бір жағынан қызметкерлердің өз мүдделерін жеткіліксіз ескереді, олардың өз жұмысына қанағаттану туралы пікірін, кәсіби тұрғыдағы өсімге, қызметті ілгерілеуге итермелейтін уәждерді, ал екінші жағынан — бағынысты қызметтестер пікірін ескеретін технологияларды пайдалануды көздемейді. Сонымен қатар, кәсіби қасиеттерге ғана баса назар аударылып, әлеуметтік-психологиялық және адамгершілік қасиеттерді бағалауға назар аударылмайды, сондықтан жағдайды бір жақты қарау аттестациядан өтіп жатқан қызметкердің объективті бағалануына ықпал етпейді.

Сондықтан әр түрлі көздерден (жоғары басшылық, әріптестер, тікелей бағынысты қызметкерлер, ал кейбір жағдайларда –ұсынылатын қызметтерді тұтынушылар ретінде қатардағы азаматтар) қызметкерді бағалау үшін ақпарат жинауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кадр практикасына қатысты жаңа аттестаттау технологиясы «**360 градус әдісі**» болып табылады [12].

Ішкі істер органдарында «360 градус әдісі» технологияны қолданудың басым бөлігі — ол басқару қызметін оңтайландыру, бөлімше ұжымдарындағы жағымсыз әлеуметтік процестердің алдын алу және жою болып табылады. Осы мақсаттарда қызметкерлерге сұрау салу, басқару кадрларын бағалауға және басшының имиджі, оның қызметіндегі күшті және әлсіз жақтары туралы толыққанды ақпарат алуға тікелей бағдарланады, соның негізінде басқару стилін одан әрі түзету, басқарушылық дағдыларды дамытудың және жұмыс тиімділігін арттырудың нақты тәсілдерін жоспарлау қажет.

«360 градус әдісі» бойынша бағалауды әзірлеу мен жүргізудің ерекшелігі ұйымның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін басшы құрамның жұмыс факторлары мен аспектілеріне баса назар аударуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілген іс-шараның тиісті әдістемелік қамтамасыз етілуі ұйымдастырылған жағдайда олар кадр аппаратының қызметкерлерінің күшімен жүзеге асырылатын шаралардың бірі болып табылады.

Отандық және шетелдік жетекші ұйымдарда қызметкерлердің кәсіби әлеуетін арттыруға, олардың кәсіби міндеттерін сапалы орындауға және басшылық лауазымдарға кадрлық резервті қалыптастыру, жүктелген міндеттердің бір мезгілде шешілген кездегі өзін-өзі кәсіби тұрғыда дамыту уәждемесін қамтамасыз етуге бағытталған кәсіби дамудың жеке жоспарларын қолдану технологиясы айтарлықтай таралып отыр. Бүгінгі күні қызметкерлердің кәсіби дамуының жеке жоспарлары мемлекетіміздің бірқатар атқарушы билік органдарында пайдаланылады.

Қызметкерлердің кәсіби дамуының жеке жоспарын қолданудың аса маңызды аспектілері олардың кәсіби позициясын жандандыру, кәсіби міндеттерді сапалы орындауды ынталандыру және кәсіби мансаптық өсуді ынталандыру мүмкіндігі, кадрлық жоспарлау және әрбір

қызметшінің біліктілік талаптарына сәйкестігін бақылау технологияларын енгізу болып табылады.

Ішкі істер органдар саласындағы кәсіби даярлау жүйесіне дамудың жеке жоспарларын енгізу қызметшілердің мансаптық өсуі, олардың уәждемелік әлеуетін дамыту және кәсіби тұрғыда өзін-өзі ынталандыруын іске асыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ жұмысқа үміткерді неғұрлым тиісті лауазымға тағайындауымызға мүмкіндік береді.

Инновациялық менеджменттің табысты дамуы заманауи дәлдігі жоғары технологияларды пайдаланумен байланысты. Олардың арасында **«бұрын-соңды болған жағдайлар»** қағидатына негізделген компьютерлік сараптама түріндегі кадрлық жүйелер ерекше орын алады. Басқару саласындағы мамандар отандық кадрлық саланы дамытудың түбегейлі жаңа бағыттағы заманауи басқару технологияларымен байланыстырады.

«Бұрын-соңды болған жағдайлар» сараптамалық жүйелердің технологиясы кадрлық шешімдердің тиімділігін бағалау мен болжаудың көп факторлы жүйесін білдіреді. Бұл жүйелер «бұрын-соңды болған жағдайлар» базасы деп аталатын нақты, бұрын болған жағдайлар бойынша мәліметтердің болуын болжайды.

«Бұрын-соңды болған жағдайлар» сараптамалық жүйелер — бүгінгі күні ең жетілдірілген және сұранысқа ие персоналмен жұмыс істеу технологиясы.

Мысалы, Қазақстанда онымен ҚазМұнайГаз, Самұрық-Қазына секілді басқа да көптеген ұйымдар жұмыс істейді. Ұйымның стратегиялық міндеттерін шешу кезінде «бұрын-соңды болған жағдайлар» сараптамалық жүйелері алмастырылмайды, өйткені олар бүгінгі күні тек сызықты ғана емес, сонымен қатар көп өлшемді талдау жасай алады. Айналыстағы қарапайым-

дылық, жоғары өткізу қабілеті және нәтижелердің көп қырлылығы іс жүзінде персоналмен жұмыс істеудің барлық салаларында «бұрын-соңды болған жағдайлар» сараптама жүйелерін пайдалануға мүмкіндік береді. Бірақ өзінің барлық артықшылықтарымен осы жүйелерді құру елеулі қиындықтармен байланысты. Бұл ретте олардың тиімді жұмысы «бұрын-соңды болған жағдайлар» жеткілікті (бірнеше жүз мыңнан кем емес) базасы болған жағдайда мүмкін (мысалы, Нью-Йорк полициясының сараптама жүйесі прецеденттерінің базасы кейбір бағалаулар бойынша 800 мыңнан астам бірлікті құрайды).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жүйесінде «бұрын-соңды болған жағдайлар» сараптама жүйелерін пайдалану Ішкі істер органдарын ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-технологиялық қамтамасыз етуді одан әрі дамыту шартымен мүмкін болады.

Біздің еліміздегі ішкі істер саласында қолдануға болатын ұсынылған персоналды басқару технологияларының кең спектрі басқару қызметінің нысандарының, әдістерінің алуан түрлілігімен және басқарылатын объектілерге әсер ету құралдарының әр түрлілігімен негізделген.

Қазақстандағы Ішкі істер жүйесінде қызметкерлерді басқарудың белгіленген технологияларын сауатты қолдану тиімді басқарудың кепілі және заман ағымына сай келетін басшыларының негізгі құзыреттілігі болып табылады.

Competent application of modern management technologies aimed at working with personnel in the internal Affairs system in Kazakhstan is the key to effective management and the main competence of managers that meets modern realities.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы Заңы (Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 453 Заңының Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРПЗ Заңымен күші жойылды), [Электрондық қор] — Кіру режимі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000453\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000453_)
2. «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың кадр комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 520 Жарлығы, [Электрондық қор] — Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000520>
3. Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, [Электрондық қор] — Кіру режимі: [http://www.akorda.kz/kz/events/astana\\_kazakhstan/participation\\_in\\_events/kazakhstan-respublikasynyn-prezidentielbasy-nenazarbaevty-n-kazakistan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kaza](http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kazakhstan-respublikasynyn-prezidentielbasy-nenazarbaevty-n-kazakistan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kaza)
4. Hambrick, D. C. & Fredickson, J.W. (2001). Are You Sure You Have a Strategy. *Academy of Management Executive* 15:4, 48–59
5. Peter F. Drucker. (2001). *The Essential Drucker: The Best of Sixty Years of Peter Drucker's Essential Writings on Management* (Collins Business Essentials), 368
6. Егоршин А. П. Управление персоналом. — Н. Новгород: НИМБ, 2001
7. Петров М. И. Безопасность и персонал. — М., 2006.
8. George C. Thornton III, Deborah E. Rupp. ASSESSMENT CENTERS IN HUMAN RESOURCE MANAGEMENT — Strategies for Prediction, Diagnosis and Development. *lawrence erlbaum associates*, — 2006 Mahwah, New Jersey London

9. Robert K. Yin, 2009 жылғы «Case Study Research: Design and Methods»
10. Jan Dul және Tony Hak 2007 жылғы бірлескен «Case Study Methodology in Business Research»
11. Гозман О., Жаворонкова А., Рубальская А. Путеводитель по MBA в России и за рубежом. — М.: Begin Group, 2004.
12. Современные кадровые технологии в органах власти: монография / под общей ред. С. Е. Прокофьева, А. М. Беляева, С. Г. Еремина. — М.: Юстицинформ, 2015.

## Су ерітінділерінде кластерлерді қалыптастыру әдістері және оның шарттары

Басбақбаев Қайыржан Серікұлы, магистрант

Ғылыми жетекші: Павлов Александр Максимович

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті (Қазақстан, Өскемен)

*Таза суда және тұздардың су ерітінділерінде кластерлердің құрылымы қарастырылды. Суда құрылымдық элементтерді тіркеудің тәжірибелік әдістері талданды. Тұздардың шоғырлануы және кластерлердің су қасиеттеріне әсері шамалы көрсетілген.*

*Түйін сөздер:* су, су ерітіндісі, диполь, құрылым, кластер, аралас шашырау, ИҚ-спектроскопия, рН.

## Методы и условия формирования кластеров в водных растворах

Басбақбаев Қайыржан Серикулы, студент магистратуры

Научный руководитель: Павлов Александр Максимович, кандидат физико-математических наук, профессор  
Восточно-Казахстанский государственный университет имени Сарсена Аманжолова (г. Усть-Каменогорск, Казахстан)

*Рассмотрена структура кластеров в чистой воде и водных растворах солей. Были проанализированы опытные методы регистрации конструктивных элементов на воде. Выяснено, что концентрация солей и влияние кластеров на водные свойства выражены незначительно.*

*Ключевые слова:* водный раствор, диполь, структура, кластер, смешанное рассеяние, ИК-спектроскопия, рН.

Суды тұтынудың ұлғаюымен сұйылтылған су жүйелерін зерттеу аса өзекті болып табылады. Зерттеудің мақсаты — су тазалаудың тиімді әдістерін іздеу үшін судың құрылымын зерттеу.

Су жер бетінде ең кең таралған еріткіш болғандықтан, ерекше қасиеттерге ие. Судың ерекшеліктері оның әртүрлі күйлерінде (мұз кристалдары, сұйық су, газ кластерлері) ерекше тәртіптің болуымен байланысты, ол сутегі байланыстарының құрылымдық және динамикалық біртекті емес торының кооперативтік әсерінің салдары болып табылады. Электрондық орбитаның  $sp^3$ -гибридизациясы себебінен, тетраэдрикалық жақын тәртібі көрсетеді [1].

Сұйық су құрылымдық жағынан өте сезімтал жүйе болып табылады, себебі сутекті байланыс арқасында метастабильді жағдайлардың үлкен саны бар. Мысалы, суда циклдық құрылымдармен салыстырмалы тұрақты сақиналы ассоциаттардың бар болуы анықталды [7]. Судың тетраэдрикалық молекулаларын бір-бірімен және олардың негізінде сұйық кристалдардың тұрақты конфигурацияларын қосудың ықтимал тәсілдерінің саны орасан зор.

Молекулааралық сутегі байланыстарының арқасында су өзінің қасиеттері бойынша басқа гидридтерден ерек-


шеленеді және ассоциативті құрылымы бар. Әртүрлі стационарлық емес процестер суда кластерлердің пайда болуына әкеледі. Судың белсенділігі сутегі байланыстарының санымен емес, олардың көлемі бойынша бөлінуімен сипатталады. Френкельдің айтуы бойынша, кластер құрылуының қозғаушы күші — судың дипольді молекулаларының поляризациялануы және 3д кеңістікте ориентациясы [7].

Су құрылымын анықтаудың қиындықтардың бірі, ол — тұрақты құрылымдық элементтердің бар екендігін дәлелдеу [2]. Зерттеу әдістерінің әсері судың жақын құрылымын деформациялайтын шағын өлшемді кластерлерді анықтау қиын себептердің бірі болып табылады. Кластерлерді зерттеу әдісіне байланысты олардың құрамында су молекулаларының әртүрлі мөлшерін анықтайды [9].

Су құрылымы ұғымы әдетте су молекулаларының кеңістіктік орналасуымен және оттегі мен сутегі атомдарының өзара орналасуымен байланыстырады. 1933 жылы физиктер Дж. Бернал и Р. Фаулер су тек  $H_2O$  (мономер) молекулаларынан ғана емес, сонымен қатар ( $H_2O$ )  $n$  формуласымен берілетін ассоциаттарынан тұрады, мұнда  $N$  саны үлкен болуы мүмкін [3]. Бьерум су мо-

делінде судың құрылымдық элементі бір-бірімен сутегі

байланысымен байланысты төрт молекула түзілген тетраэдр болып табылады.



Сурет 1. Су молекуласының құрылымы: а) бұрыштық; б) шар тәрізді; в) тетраэдрикалық [2].

### Су ерітінділеріндегі кластерлер

Судың әрбір молекуласы оң және теріс полюстерден тұрады. Осының арқасында сутегі көпірлері арқылы молекулалар кластерлік құрылымдарды қалыптастырады [4].

Химиялық таза суда суперкластерлер (мұзға ұқсас) және  $H_2O$  молекулалары хаоста, ал жылу қозғалысының энергиясы «льдинки» бұрылу энергиясынан артық. Сондықтан су ешқандай ортақ сурет жоқ. Таза суға қоспа молекулалары түссе, олардың айналасында белгілі бір түрде су кластерлері бағдарлана бастайды, ал олар өз кезегінде келесі «мұздарды» тартып немесе итеріп бағыттайды. Оң және теріс зарядтардың үйлесіміне байланысты әртүрлі құрылымдар құрылады. Полиассоциаттың бетінде күрделі кеңістіктік өрнектер пайда болады.

$tg\delta$  диэлектрлік шығындарын өлшеу арқылы микро-толқындар диапазонында  $\gamma < 0,3$  моль/л концентрациясы кезінде тұздардың су ерітінділерінде бір мезгілде екі құрылым бар — өзара әлсіз өзара әрекеттесетін иондық атмосфералар мен су матрицасы. Концентрациясының ұлғаюына қарай су матрицасы біртіндеп ығыстырылады, ерітіндінің құрылымы біртіндеп ионды атмосферадан тығыз қаптамаға айналады.

Түз ерітіндісінде тек бір экстремум  $tg\delta$  ғана бар, ал таза суға тән экстремум  $tg\delta \gamma > 2 \times 10^{-5}$  моль/л кезінде жоғалады, онда осындай концентрацияларда иондардың әсері бүкіл су матрицасына, оның жағдайын өзгертеді.

### Су кластерлерін қалыптастыру әдістері

Еңбекшіқазақ ауданы — Алматы облысының оңтүстік бөлігінде орналасқан әкімшілік бөлініс. Ауданның оңтүстігінде Іле Алатауының Қараш, шығысын, оңтүстік-шығысын Бақай тауы, Сарытау, Сөгеті, Торайғыр таулары, қиыр шығысын Сөгеті жазығы алып жатыр. Климаты шұғыл континентті. Еңбекшіқазақ ауданындағы ауылшаруашылығы алқаптарының жалпы ауданы — 373 791 га, оның ішінде егістік -84 435 га, суармалы жерлер -77 297 га, көп жылдық екпелер — 9 176 га, тыңайған жер — 1 274 га, шабындық — 15 087 га және жайылым — 256 678 га [1].



1-сурет. Еңбекшіқазақ ауданының ауылшаруашылық алқаптарын кадастрлық бағалау картасы

ЛБЕЖ экологиялық және экономикалық сападағы тауар айналымын табиғи, қоғамдық және өндірістік ресурстарды есепке ала отырып агроландшафттардың тұрақтылық

заңдылықтары мен топырақ құнарлылығының көрсеткіштерін ескеру арқылы белгілі бір агроэкологиялық топтағы жерді пайдалануды қарастырады. Ландшафт-күр-



делі компоненттердің (табиғи су, литогендік негіз, ауа массалары, топырақ, өсімдік жамылғысы мен жануарлар таралуы) өзара байланысымен анықталатын табиғи аумақтық кешен. Компоненттердің агроэкологиялық бағалану өлшем бірлігі ретінде агроландшафттардың қарапайым ареалы анықталады және ландшафттық талдаудың ең алғашқы негізі айқындалады. Зерттелінген ауылшаруашылық алқаптарының қазіргі жағдайы мен пайдаланулары бойынша ұсыныстардың оптимизациялық үлгілері пайдаланушылар мен қажетті мамандарға қолжетімді болу үшін қосымшалар жасау қолға алынған. Қосымшалар мен веб-жүйелерінің архитектурасы python бағдарламалау тілі мен django фреймворкінің көмегімен жасалған [2].

Агроландшафттардың тиімділік заңдылықтарын сақтау кезінде компоненттердің құрамына, табиғи факторлардың әсер етуіне, топырақтың минералдық заттармен қамтамасыздығына назар аудару қажеттілігі туындайды [3].

Агроөнеркәсіптік кешен дамуының тиімділігіне, яғни ауылшаруашылық алқаптарынан жоғары, әрі сапалы өнімге қол жеткізу үшін агроландшафттардың қарапайым аралдарында мәдени дақылдардың ұқсас түрін өсіру жердің агроэкологиялық типіне жіктеуді қажет етеді. Осыған сәйкес агроландшафттардың қарапайым аралдарын пайдалану реті ғана қарастырылмай, сонымен қатар, ғылыми көзқарас тұрғысынан алғандағы шектеуші (лимиттік) факторларды есепке ала отырып, олардың болашақтағы динамикалық дамуларының мүмкіндіктері болжау [4].

Егістік алқаптарын экологиялық тұрғыдан дұрыс, әрі экономикалық бірыңғай тиімді пайдалану кезінде топырақтың беткі ағын су режиміне әсері қарастырылады. Бұл жағдайда топырақ далалық агроландшафттардың литологиялық негізін, ал дақылдар агробиоценозын құрайды. Соңғы құрамдас компонентінің бірқалыпты дамуына ауа температурасы, ылғал мөлшері мен желдің бағыты әсер етеді. Далалық агроландшафттардың құрылымдық элементтері айқын көрінетін табиғи межесі болады.

Жайылым алқабындағы топырақтың механикалық құрамы тығыздалып, арамшөптердің қаулап өсуі мал басын жаюдың тиімді әдісін қолданбаумен байланысты. Жайылым және шабындық алқаптары табиғи ландшафттарға жақын болғандықтан, табиғи қалпына келу мүмкіншілігі тәлімді немесе суармалы егістік алқаптарына қарағанда әлдеқайда жоғары. Бұл агроландшафттар орман қорының жеріне ұқсас болып келеді, яғни өзін-өзі реттеу жүйесі әлсіз, әрі интенсивті агротехникалық шараларды қолдануды қажет етеді [5].

Ауылшаруашылық алқаптарының ландшафттарға бейімделген егіншілік жүйесіне сәйкес пайдалану ұсыныстарын интеграциялау арқылы веб-жүйесіне енгізу алгоритмдері қарастырылады [6]. ГАЖ саласындағы қазіргі бағдарламалық-техникалық мәселелердің шешімін тапқанда сервистік-бағытталған архитектура (SAO-service-oriented architecture) пайдаланылды. SAO- қосымшалардың жобалануы мен құрастырылу парадигмасы, өзара байланысты сервистардың есептегіш ортада бағдарла-

малық қамтамасыздандырылуларын модульдік тәсіл арқылы аз байланысты құрамдас бөліктердің біркелкілігін жүзеге асыра отырып, стандарттық протоколдармен байланысуға арналған интерфейстармен жабдықталған.

SAO концепциясының дифференциациялық мүмкіншіліктері негізінде функцияның бір бөлігі- картаның визуализациялық және кеңістіктік мәліметтерге сұраныс мәселелерін шешуге бағытталған, соның ішінде веб-қосымшалармен қамтамасыздандырылады; екінші бөлігі Windows/Linux сияқты дәстүрлі құралдармен геокеңістіктік мәліметтерді жинау, сақтау және алдын-ала өңдеу процесстерін жүзеге асырады. Web-GIS- үстелдік ГАЖ бағдарламаларындағы барлық функционалдық мүмкіншіліктерге ие интернет желісіндегі геоақпараттық жүйе. Web-GIS ортасында жұмыс істеу үшін пайдаланушыға арнайы бағдарламалық қамтамасыздандырулар қажет емес, оның орнына интернет желісіне жалғанған компьютер немесе мобильді құрылғы қажет.

Бағдарламалық-технологиялық бағыттағы құрастыру жұмыстары негізгі мәселелердің шешу жолында блок ретінде көрініс табады:

- геокеңістіктік мәліметтердің негізгі базасын жүргізу кешені;
- қолданбалы бағдарламалық (картографиялық) веб сервистердің жүйесі;
- кеңістіктік метамәліметтерін басқару кешені.

Web-GIS жүйесінің негізгі баптаулары: жүйесінің бастапқы URL, жүйенің атауы, жүйенің меке-жайы, мәліметтер қорына сілтеме мекен-жайы.

Пайдаланушы интерфейсінің компоненттері. Кітапханалар пайдаланушыларды кешеннің құрылымы арқылы базалық навигация рөлін атқарады. Интерфейстің компоненттері 2 горизонтальды блоктан тұрады (жоғарғы және төменгі). Жоғары блок келесідей құрылымдық элементтерден тұрады: басты бетке сілтеме жасайтын геоақпараттық кешеннің логотипі, кешеннің негізгі бөлімдері бойынша көп деңгейлі бас мәзір. Төменгі блокта веб-парақшаның толық атауы, авторлық құқықтар туралы ақпарат, құрастырушылар парақшасына сілтеме, жоба сипаттамасы.

Пайдаланушылардың аутентификациясы мен тіркелуі әдістерін іске асыру үшін келесідей алгоритмдер пайдаланылды:

- жүйеге кіру, құқықтарды тексеру әдісін іске асыруды жүзеге асыратын GAuth классы;
- cookie файлдармен жұмыс істеу үшін GPCookie классын пайдалану;
- алғашқы тіркеу орындалатын пайдаланушыны жаңа веб-парақшаға ауыстыру.

Сандық қауіпсіздікті жүзеге асыру үшін cookie файлдар шифрлау процессінен өтеді. Осы жүйеде кітапхананың негізгі қасиеттерін ескере отырып шифрлау blowfish криптографиялық алгоритмі арқылы жүргізіледі [7].

Web-GIS қосымшасының орындалуына тоқталатын болсақ, Еңбекшіқазақ ауданының ауылшаруашылық алқаптарын пайдалануға байланысты ұсыны-

стар көрсетілетін веб-картографиялық жүйеде келесідей мәліметтер мен бағдарламалық элементтер орындалады:

— бас парақшаның жоғарғы блогында ауданның логотипі; үш тілдің біреуіне ауыстыратын батырмалар; физика-географиялық, геологиялық, геоморфологиялық, геоботаникалық, кадастрлық, ландшафттық мәліметтеріне ауыстыратын батырмалар;

— парақшаның орталық бөлігінде ауданның интерактивті карталары және қабаттарды қосу, өшіру пернелері.

— қажетті алқаптың атрибутивтік мәліметтеріне жүктеме алатын гиперссылка;

— тақырыптық карталардың мәліметтері және алқаптардың ақпараттары сақталатын SQL тіліндегі мәліметтер базасы.

Алматы облысындағы Еңбекшіқазақ ауданының ауылшарушылық алқаптарын агроландшафттық сипаттамалары мен алқаптарды пайдалану ұсыныстары Web-GIS қосымшасы арқылы көрсетілуі негізінде пайдаланушылар мен мамандардың қолданылуына ыңғайлы етіп құрастырылу жөнінде бағыттар қарастырылды.

Қорытындылай келе, қарастырылған жұмыста Еңбекшіқазақ ауданының табиғи жағдайларын, ауылшаруашылық сипаттамасын және кадастрлық компоненттерін картографиялап, интернет желісінен бұл ақпарат көздеріне қол жеткізу үшін веб қосымшасы жасалынды. Болашақта бұл жүйенің кемшіліктерін азайту мақсатында кешенді жұмыстар реті жоспарлануда.

Әдебиет:

1. Мұқашева Ж. Н., Көшімова Ә.Ф. Антропогендік ландшафттану. Оқу құралы. Алматы: Қазақ Университеті, 2004. — 119 с.
2. Кирюшин В. И. Концепция адаптивно-ландшафтного земледелия. — Пущино, 1993. — 64 с.
3. Кирюшин В. И. Методика разработки адаптивно-ландшафтных систем земледелия и технологий возделывания сельскохозяйственных культур. — М., 1995. — 79 с.
4. Лурье И. К. Геоинформатика. Учебные информационные системы.-М.: Изд-во Москв. ун-та, 1997. — 115 с.
5. Жетісу. Энциклопедия. — Алматы. «Арыс» баспасы, 2004 — 712 с.
6. Использование земель в условиях интенсификации сельского хозяйства». Алма-Ата, 1983. — 56 с.
7. Матвеев А. Г., Якубайлик О. Э. Каталог ресурсов для ГИС мониторинга состояния окружающей природной среды в зоне действия предприятий нефтегазовой отрасли.-М., Изд-во Горный информ, 2009. Т 18.

## Хип-хоп музыкалық сленгінің ерекшеліктері, түрлері, тіл біліміне ықпалы

Рахман Ақмарал Еркебұланқызы, магистрант

Ғылыми жетекшісі: Айтжанова Гүлнар Досхожақызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент м. а.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

*Мақалада жастар арасындағы музыкалық сленгтердің ерекшеліктері көрсетіліп, шығу тарихы зерттеліп, қазақ лингвистикасына әсері талқыланады. Жұмыстың негізі лингвистика тұрғысынан өзекті әрі маңызды болып табылады. Себебі, американдық мәдениеттің ықпалы қазақ халқының тілдік қорына өз әсерін тигізуде.*

*Кілт сөздер: музыкалық сленгтер, хип-хоп бағыты, жанр өкілдері, қазақы хип-хоп.*

## Особенности, виды хип-хоп-сленга и его влияние на языкознание

Рахман Ақмарал Еркебұланқызы, студент магистратуры

Научный руководитель: Айтжанова Г. Д., кандидат филологических наук, и.о. доцента  
Казахский национальный университет имени Аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

*В статье раскрываются особенности молодежного музыкального сленга, изучается история его происхождения, обсуждается влияние на казахскую лингвистику.*

*Ключевые слова: музыкальный сленг, хип-хоп, казахский хип-хоп.*

Тіл бір орында тұрмайтын, тоқтаусыз өзгерісте болатын дүние. Қазіргі уақытта, қазақ тіл білімінде заман талабына сай кейбір жаңашылдықтар зерттеуден тыс немесе

зерттей түсуді қажет етіп отыр. Мұның бірі — жастар арасында қолданысқа ие музыкалық сленгтер. Сленг сөздер тек ауызекі сөйлеуде ғана емес, сонымен қатар газет-жур-

налдар бетінде, кино мен теледидарда көрініс тауып жүр. Жастар сленгтері жалпы қазіргі тіл үшін өте маңызды үрдістерді айқындап, олардың жан-жақты зерттелуінсіз тілдің лингвистикалық сипаты толық бола алмай отыр. Аталмыш тіл ішіндегі тілдің ерекшелігі- оның кең өріс алуында болып отыр. Зерттеулер көрсеткендей, сленг сөздерді 13–23 жас аралығында, оның ішінде ұлдардың 50 пайызы, арулар қауымының 33 пайызы кең қолданады. Бұл –өте үлкен көсеткіш.

Жалпы, сленг деп белгілі бір ортада қолданылатын, қалыпты тілден ауытқыған, мысқылды сөздерді айтамыз. Көбінесе сленгтердің мол ауқымын музыкадан,әсіресе хип-хоп жанрынан таба аламыз. Себебі бұл қазіргі таңда ең актуалды қолданыс өрісі, тіпті мәдениетіне берік Қытай мен Жапон елі де ерік берген сала болып табылады. Мұның себептерінің бірі ретінде осы жанр өкілдерінің ерте кездерден бастап әлеуметтік өткір мәселелерді қозғап отырғандығын айта аламыз. Хип-хоп бағытындағы сленгтердің ерекшелігі- тілдің үнемдеу заңдылығына қарайбейімділігі мен, оның жаңашылдығы мен әдеттегіден тыс болуымен сипатталады. Сонымен қатар, осы сленг сөздерінің қолданысы осы бағытты басқа жанрлардан ерекше ететін фактор болып табылады.

Тарихқа көз жүгіртсек, хип-хоп бағыты шамамен 1970–80 жылдарда бой түзеді. Алғашқы туындыларды Кертис Блоу, Африка Бамбата, Грандмастер Флэш сынды орындаушылардан көреміз. 1980 жылдардың ортасында хип-хоп өлеңдері тек көңіл көтеру үшін ғана емес, енді әлеуметтік тақырыпта мәселелерді көтере бастады. 1980 жылдардың соңына қарай бұл бағыттың мәртебесі ірі мекемелердің құрамына енуімен көтерілді. Енді ірі Грэмми, American Music Awards рэп орындаушылары үшін арнайы мадақтамаларды ашты. 1990 жылдары өзінің аты шулы сөздерімен қара нәсілділер арасындағы қылмыстық өмірін сипаттайтын ганста-рэп бағыты дамыды. Шамамен осы уақытта бағыттың атақ-даңқы тек қана АҚШ көлемінде емес, одан тысқары мемлекеттерге де жайылған болатын. Сонымен қатар, хип-хоп жанрына g-funk, crunk, R'n'B, hardcore hip-hop және т. б. бағыттар кіретіні беогілі. Негізі хип-хоптың екі бағытын көреміз: Old school (ескі мектеп) және New School (жаңа мектеп). Екі бағыттың айырмашылықтары мардымсыз, біріншісі — 1980 жылдары пайда болса, екіншісі- соңғы он жылдағы жағдайды бейнелейді. Негізінен ағылшын тілінде музыкалық сленгтердің мынадай классификациясын байқаймыз;

1. Этникалық дискриминация негізінде туған сленгтер;
2. Түрме лексикасы;
3. Ақша, есірткі, арақ-шарапқа байланысты сөздер;
4. Адамды суреттейтін сленг сөздер;
5. Полиция немесе өзге қызметтегі адамға байланысты сөздер;
6. Аббревиатуралар;
7. Өзге сленг сөздер;

Жазбаша түрде де кейбір сленгтер қолданылады. Мәселен, 2nite- бүгін түнде, 13-оңтүстік, 187- адам өл-

тіру(Калифорния штатының қылмыстық кодексінің нөмірі), aw-ite- бәрі жақсы (all right).

Жаһандану үрдісінің себебінен Америкалық аталмыш сөздер тек қана ағылшын тілін түрлендіріп қана қоймай, қазақ тіліне де өз әсерін тигізуде. Батысқа еліктеген жастар өз елімізде қазақы хип-хоп негізін құруда. Хип-хоптың R'n'B тәрізді түрлері эстрадамызға әуелден шығып кетті және академиялық өнерге лайықтау, синтездеу де қатар жүріп жатқан құбылыс. Мәселен, «Алдаспан» тобы этно-рок бағытында, «Ұлытау» –этно-рок бағытында, Ерболат Құдайбергенов- этно-рэп бағытында жұмыс жасап жүр. Рэп бағытында жүрген ZhamahatPro, AshҚазақPro, Raphana Records саланы дамытып жүр.Өнер иелерінің ағылшын сөздерін қолданып, оларды сленгтерге айналдыруы қазақ лингвистикасына үлкен әсерін тигізіп жүр. Осыған сәйкес, біз шығу салдарына сәйкес қазақ сленгтерін 3 үлкен топқа бөлуімізге болады.

1. Ағылшын тілінен енген сленгтер: хайп, фейк, мегабайтты байыту, чат, логиндау, спонсорың бар ма, патига шақырмадың ба, кэш секілді сөздер.

2. Орыс тілінен түбірін алатын сленг сөздер: фигураң ат екен, тормозы ұстап қалды, пахан, махан, зависать етіп қалу, удалить етіп тастау және тағы басқалары.

3. Ұлттық тілімізде құрылған сөздер: жынды өлең, жынды көйлек, раха, өшіп қалу, тб. Негізінен бұл топтағы сөздер жоғарыдағы екі топқа қарағанда аз мөлшерді құрайды.

Көптеген сөздердің мағынасы біршама түсінікті. Мысалы, «тормозы ұстап қалды»- бір жағдайдан шешім таба алмай қалды, «құлаққа лапша ілу»- өтірік айту, «өзіне көп алады» — артық кетті, «грамотно айтып тастады» — өте орынды пікір білдірді, «мықты шарит,прошаренный» — ойлау қабілеті жылдам, «типа» — сол сияқты,тәрізді, секілді. Бірақ кейбірін ересек қауым түсіне бермейді, мәселен, «мамка, батя курста ма» — ата-анаң біледі ме, «типаж болу» — менменсу, «забей» — ұмыт, қоя сал, «батон» — сабақты өте жақсы оқитын адам, «капустаға қарау» — материалдық жағдайына қарау, «счетчик қою» — ақша талап ету, «шестерка» — өсекші адам.Әйгілі Baller мен Кешью тобының орындауындағы «Swala La La» өлеңінде бірнеше ағылшын сөздері кездеседі және қазақи «киноға тартылсай» сленг сөзін көреміз. Бұл туындыдан кейін жастардың баққа тартылсай, кешкі серуенге тартылсай секілді тіркестерін жиі қолданғанын көреміз.

Зерттеу барысында, негізінен жастар осы сленгтерді мынадай себептермен қолданатындығы анықталды:

- Әсер қалдыру үшін;
- Өзіне сенімділік сезімін беру;
- Жаңа, өзгеше болу;
- Басқа біреу түсінбеу үшін;
- Әзіл ретінде;
- Белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығын көрсету үшін;
- Тілдік қорды байыту үшін.

Сленг табиғаты оның үнемі жаңарып отыруын талап етеді.Сол себептен көптеген сленг сөздері қолданыстан түсіп қалуы мүмкін. Алайда, кейде олардың тілде

тұрақталып, сленг қатарынан ауызекі тіл лексикасына өтіп кетуін байқаймыз.

Қорытындылай келе, бүгінгі күні қандай бір тіл болмасын жастар тілі мәселесі лингвистердің назарына ие болып отыр. Біздің қоғамда сленг сөздер күнделікті ауызекі сөйлеуде кең тарауда және өскелең ұрпақтың сауатына әсер етуде. Алайда бұл сөздер өз бетінше өте маңызды, се-

бебі олар- бүгінгі тіршіліктің бір көрінісі, заман талабы, әлемдік көштен қалмаудың бір жолы. Сол себепті қанша алдыңғы буын ескертіп айтса да, аталмыш «тіл ішіндегі тілдің» өмір сүруі әлі жалғаспақ. Жастар арасындағы сленгтердің құрылуына музыканың үлесі зор екені белгілі болды. Хип-хоп бағытының белең алуы сленгтердің үлкен қолданысқа ие болуын тудырды.

Әдебиеттер:

1. Берестовская, Э. М. Молодежный сленг: формирование и функционирование /Э. М. Берестовская. — Москва: МГУ, 2012. — 354 с.
2. Колесников А. А. Лингвистический анализ языка представителей хип-хоп культуры как метод исследования социальной группы // Вестник МГОУ. Сер.: Лингвистика. М.: ИИУ МГОУ, 2013. № 5. с. 14–18.
3. Колесников А. А. Реализация диалога исполнителя и аудитории в рамках дискурса хип-хоп культуры // Вестник МГОУ. Сер.: Лингвистика. М.: ИИУ МГОУ, 2014. № 3. с. 22–30.
4. Колесников А. А. Язык представителей хип-хоп культуры: от социолекта к дискурсу // Ученые записки Национального общества прикладной лингвистики. М.: НОПриЛ, 2013. с. 60–66.
5. Колесников А. А. Особенности референции в дискурсе хип-хоп культуры // Аксиомы и парадоксы языка: структура, коммуникация, дискурс. Материалы VII междунар. науч. конф. по актуальным проблемам теории языка и коммуникации (28 июня 2013 г.) / ред. Н. В. Иванов. М.: ЗАО «Книга и бизнес», 2013. с. 347–355.
6. Колесников А. А. Деривация сленговых неологизмов (на материале языка представителей английской хип-хоп культуры) // Инновации в преподавании иностранных языков студентам-юристам: межвуз. научпракт. конференция / отв. ред. А. А. Лебедева. М.: РПА Минюста России, 2013. с. 74–78.
7. Словарь английского сленга [Электронный ресурс] — Режим доступа: [www.langinfo.ru/slang](http://www.langinfo.ru/slang), свободный.

## Қазақстан халқы Ассамблеясының өткен күні мен бүгінгі жағдайы

Шағанбекұлы Олжас, магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

*Берілген мақалада автор Қазақстан халқы Ассамблеясының өткені мен бүгінін қарастырады.*

*Кілт сөздер: Ассамблея, жарлық, бірлестік, этнос, халық.*

## Прошлое и настоящее Ассамблеи народа Казахстана

Шағанбекулы Олжас, магистрант

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата (г. Кызылорда, Казахстан)

*В данной статье автор рассматривает прошлое и настоящее Ассамблеи народа Казахстана.*

*Ключевые слова: Ассамблея, указ, объединение, этнос, народ.*

Ассамблея сөзі қандай да бір түйіндердің шешімін атабу немесе талқылау үшін бірнеше адамдардың жиналыс ұйымдастыруын, бірлесуі деген мағынаны білдіреді. Демек, еліміздегі Қазақстан халқы ассамблеясына қатысты айтар болсақ — Қазақстан Республикасын мекен еткен түрлі этнос өкілдерінің құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету құрылған ұйым деп атауға болады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығымен

қоғамдағы тұрақтылық және ұлттар арасындағы татулық жағдайын қамтамасыз ету үшін Қазақстан халқы ассамблеясы секілді кеңесші органды құрған болатын. Өзінің сан жылдық тарихында Ассамблея көрсетілген мәртебеден құқықтық мәртебесі конституциямен белгіленген органға дейін өсіп отыр.

Сондай-ақ, көрсетілген Президент Жарлығында Қазақстан халқы Ассамблеясының алдына қояр мақсаттары, міндеті және жұмысының бастапқы бағыттары көрсетілген ережесі бекітілген болатын. Ережеде көр-

сетілгендей, Қазақстан халқы ассамблеясының басты мақсаты болып Қазақстан Республикасы болып жатқан жағдайларға бағасын беру мен қоғамдағы саяси ахуалға болжам беру арқылы қоғам бірігуін қамтамасыз ететіндей практика тұрғысынан ұсыныс әзірлей отырып, сонымен қатар нәсіл, ұлт, әлеуметтік тегі, діни сенім мен наным жағдайына қарамай азаматтар құқықтарының бұзылмауына кепілдік бере отырып Қазақстан Республикасы Президентінің жұмысына көмек жасау болып табылады.

Бірінші болып аталған институтты енгізу жөнінде ұсынысын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 1992 жылы өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің алғашқы жылына арналған Қазақстан Республикасының халқы қатыстқан алғашқы форумда айтқан болатын.

Аталған институт құру қажет екендігі саяси жағдайдан, сонымен қатар енді тәуелсіздікке аяқ басқан көптеген ұлттардан тұратын елдің тұрақты түрде дамуды қамтамасыз етуден туындаған еді. Осы ұсыныс мәдениеттер арасындағы қарым-қатынасты берік етудің жаңа уақытына аяқ басуының белгісі бола отырып, ұлттар арасындағы байланыстарды жетілдіру шараларын уақытылы қабылдауға мүмкіндік беретін әлемдік тәжірибесіндегі жаңа бағыт ретінде қабылданды.

Қазақстан Республикасының Конституциясының баптарына 2017 жылғы 21 мамырда тиісті өзгертулер енгізілген болатын, осыған байланысты Ассамблеяға конституция деңгейінде мәртебе беріле отырып, Парламенті Мәжілісіне жалпы саны тоғыз депутат сайлану құқығына ие болған еді. Осы тұста Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы саяси ролінің артқандығының көрсеткіші болды.

2008 жылдың 20 қазанында Президент «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойып, бұл Заңда Қазақстан халқы Ассамблеясының заңды мәртебесі, Ассамблеяның қалыптастырылу тәртібі және халықтар арасындағы келісімді және бірлікті сақтау бойынша саясатты жүргізуге, атқарушы және мемлекет атынан әрекет ететін органдардың, ұйымдар мен азаматтық қоғам институттарының этностар арасындағы қарым-қатынастардағы іс-қимыл тиімділігін көтеру бойынша шараларды жүргізу тәртібін белгілейді. Қабылданған актілер негізінде құрылған уақытта тек қоғамдағы тіл мен мәдениет саласындағы іс-шараларды жүргізуі тиіс Қазақстан халқы ассамблея, қызметінде Заңдық негіздері белгіленіп, қоғамның саяси өміріне де араласу бойынша жұмыстар жүргізе бастады.

Сондай-ақ, Президенттің 2011 жылдың 7 қыркүйегіндегі Жарлығы бойынша Қазақстан халқы ассамблеясының Ережесі бекітілді, 2014 жылдың 17 маусымындағы Жарлыққа сәйкес Қазақстан халқы ассамблеясының жұмысын қамтамасыз етуші орган ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан «Қоғамдық келісім» РМК-ы құрылған болатын. Осыған сәйкес, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында және облыстардың әкім-

дерінің аппараттарының жанында «Қоғамдық келісім» КММ-ы құрылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының басты міндеттері болып мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын органдар, ұйымдар мен азаматтық қоғам институттары тарапынан ұлттар арасындағы қарым-қатынас бойынша тиімді іс-қимыл тәртібін белгілеу, қоғамда келісімді және жалпы ұлттардың бірлігін берік ету мақсатында қажетті шаралар қабылдау, елдің бірліктігін нығайту мен республика аумағында тұратын халықтардың өз дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтай отырып, одан әрі дамыту болып табылады. Сонымен қатар, Ассамблея тиісті органдарға экстремизм және радикализм белгілеріне қарсы жұмыс жасауға, демократия қағидаларына негізделген құқықтық мәдениет қалыптастыру үшін қажетті жәрдем беру.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің аталған бірлестікте өмір бойына басшы болуы, «Құрметті төраға» мәртебесін алуы- Ассамблея басшылығына қатысты ерекше жағдай болып табылады. Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыстарын жүргізу оның орынбасарлары жүктелген, олардың бір-бірін алмастыру тәртібі Кеңестің ұсынысы бойынша Президенттің өкімі негізінде іске асырылып отырады. Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы, оның кеңесі, аппараты (хатшылығы), ассамблеяның атқарушылық органы, облыстар, Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының ассамблеялары, ассамблеяның этно-мәдени бірлестіктері Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымына жатады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сессиясы республика Президенті белгілеген жағдайда және қажеттілік бойынша әрбір жылы кем дегенде бір рет шақырылып отырады. Алда өтетін сессияны шақыру бойынша өкімде сессияның болатын уақыты, жері және көтерілетін мәселелер көрсетіле отырып, өткізілетін уақытқа дейін отыз күн бұрын қабылдануы тиіс, аталған өкім ресми БАҚ-та жариялануға жатады. Жоспарлы емес сессияны Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасы, кеңестің ұсынысы негізінде болмаған жағдайда Қазақстан халқы Ассамблеясының мүше тұлғаларының барлық санының ең кем дегенде 1/3 өтініші негізінде шақырылуға жатады, сондай-ақ өткізудің қажеттілігі бойынша шешімді қабылданған күнінен 1 ай уақытта өткізілуі қажет.

Сессиялардың аралықтарындағы уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясын басқарушылықты Қазақстан Республикасы Президенті шешімі негізде құрылуға жататын Ассамблеяның Кеңесі іске асырады. Кеңес құрамы Қазақстан Республикасының Президентінің шешімімен бекітіліп отырады. Ассамблеяның жұмысшы органы болып Хатшылық табылады және Президент Әкімшілігінде құрылымдық бөлімше ретінде қызмет атқарады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының және облыстар (қалалардың) ассамблеялары құрамдары — этно-мәдени немесе өзге бірлестіктердің өкілдері, мемлекеттен қаржыландырылатын органдардың өкілдері және республика азаматтарынан құралады.

Бүгінге таңда Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамына 394-тен аса азаматтар кіреді. Мүше болуға кандидаттар облыстардағы этно-мәдени және өзге бірлестіктердің бастамалары бойынша облыстар (қалалардың) ассамблея сессиялары шешімі негізінде, сонымен қатар республика деңгейіндегі, аумақтық этно-мәдени және өзге бірлестіктері органдарының шешімі негізінде ұсынылуға мүмкіндіктері бар. Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ғылым тұрғысынан сүйемелдеу шараларын қабылдау мақсатында ғылыми және сарапшы кеңестері құрыла отыра, бірлескен жағдайда жұмыс жүргізуде. Ғылыми-сарапшы кеңестердің құрамы Парламенттің депутаттары, этно-мәдени бірлестіктер, ғылыми қызметкерлер және білім беруші ұйымдар өкілдері, сонымен қатар ғалым азаматтар, тәуелсіз болып табылатын сарапшылар мен мамандардан тұрады. Ұлттар арасында туындайтын түрлі проблемалық мәселелерді

жария етудің ерекше жағдайларын ескере отырып, Ассамблея жанынан журналист пен сарапшы мамандар құрамында мүше болып табылатын арнайы клуб жасақталған. Аталған клубтың қызметінің негізгі бағыты болып журналист пен сарапшы азаматтарға түрлі ұлттарға қатысты мәселелер бойынша мақалалар жариялау дәстүрін тәжірибеге енгізу, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен бұқаралық ақпарат құралдар арасындағы байланысты тереңдету екені белгілі.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің негізгі көрсеткіші ретінде мемлекетімізде ұлттар және конфессиялар арасындағы орныққан келісімінің ерекше үлгісін, азаматтардың этникалық немесе діни жағынан ерекшеліктеріне қарамай Конституциямызда кепілдендірілген құқықтарын іске асыра алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсініктіктегі ахуалының қалыптасқандығын айтуға болады.

Әдебиет:

1. Қазақстан халқы Ассамблеясының ережесі туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 149 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000149>
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Ә. Нысанбаев. — Алматы «Қазақ энциклопедиясы», 1998.
3. Тоғжанов Е., Кан Г., Коробков В., Шаяхметов Н. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Тарихи очерк. — Алматы: Раритет, 2010. — 328 б.

## Зиянды өндірістік факторлардың бірлескен әсерлерін есепке алумен, мұнай-газ саласында еңбек жағдайларын бағалау

Шаханова Наргиза Балтабековна, магистрант;  
Абдибаттаева Марал Мауленовна, техника ғылымдарының докторы, профессор  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ.)

*Мақалада зиянды өндірістік факторлардың бірлескен әсерлерін есепке ала отырып, мұнай-газ саласында еңбек жағдайларын бағалау нәтижелері ұсынылған. Кәсіпорында еңбек жағдайларының жай-күйі және қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың мәні осы кәсіпорынға және технологиялық процеске тән болып табылатын қызмет түрлері еңбек жағдайлары бойынша бағаланды. Қарастырылатын жұмыс орындары бойынша кәсіби ауруға шалдығу көрсеткіштеріне талдау жүргізілді.*

*Кілт сөздер:* еңбек жағдайларын бағалау, қауіпті және зиянды факторлар, жұмыс орны, факторлардың бірлескен әсері.

## Оценка условий труда в нефтегазовой отрасли с учетом сочетанного воздействия вредных производственных факторов

Шаханова Наргиза Балтабековна, студент магистратуры;  
Абдибаттаева Марал Мауленовна, доктор технических наук, профессор  
Казахский национальный университет имени Аль-Фараби (г. Алматы)

*В статье представлены результаты оценки условий труда в нефтегазовой отрасли с учетом совместных воздействий вредных производственных факторов. Оценивались условия труда на рабочих местах, на которых состояние условий труда и значения опасных и вредных производственных факторов являются характерными для данного цеха*

и технологического процесса. Проведен анализ показателей профессиональной заболеваемости по рассматриваемым рабочим местам.

**Ключевые слова:** оценка условий труда, опасные и вредные факторы, рабочее место, сочетанное воздействие факторов.

**З**ерттеудің өзектілігі ҚР Конституциясының 24 бабы Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына кепілдік беруімен де расталады. Зиянды өндірістік факторлардың әр түрлілігі және олардың жұмысшылар денсаулығына бірлескен әсер етуі еңбек жағдайын жақсарту, жұмысшылардың кәсіби ауруларға шалдығуының алдын алу және кәсіби тәуекелді төмендету бойынша кешенді шаралар әзірлеудің қажеттілігін анықтайды. Еңбек етуге қабілетті жастағы халықтың жазатайым оқиғалардан, өндіріске негізделген уланулар мен жарақаттардан болатын өлім — жітім деңгейі қазіргі уақытта дамыған елдердегі ұқсас көрсеткіштерден 2,5 есе және дамушы елдерден 1,5 есе дерлік артық. 20-дан 40 %- ға дейін еңбек шығыны қанағаттанғысыз еңбек жағдайларымен, тікелей немесе жанама байланысты ауруларға негізделеді [1].

Осыған байланысты, еңбек жағдайларын бағалау кезінде зиянды факторлардың оқшауланбаған әсерін есепке алу үшін, кәсіби факторлар мен аурулар кешені арасындағы себеп-салдар байланысын анықтау, сонымен қатар зиянды факторлардың бірлескен әсерін болжау және мұнай — газ өндірісіндегі негізгі мамандықтар үшін кәсіби тәуекелді анықтау өзекті болып табылады.

Зерттеудің мақсаты зиянды өндірістік факторлардың бірлескен әсерлерін есепке ала отырып, мұнай-газ саласында еңбек жағдайларын бағалау және еңбек жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстар жасау болып табылады.

**Зерттеу материалдары мен әдістері**

Жұмыстың негізгі міндеттерін орындау үшін өндірістік факторлардың бірлескен әсерін ескере отырып, еңбек жағдайларын интегралдық бағалау және зиянды өндірістік факторларға байланысты аурулар көрсеткіштерінің корреляциялық-регрессиялық тәуелділігін белгілеу әдістемелері қолданылды [2]. Жұмыс орындарын аттестаттау бойынша алынған нәтижелер талданды. Өндірістік факторлардың деңгейлері қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес аспаптық өлшеулер негізінде анықталды [3]. Қызметкерлердің еңбек жағдайларын жалпы бағалау гигиеналық бағалау жөніндегі басшылыққа сәйкес жүргізілді [4].


**Нәтижелер және оларды талқылау**

Мұнай-газ саласындағы кәсіпорындардағы жазатайым оқиғаларды тергеу материалдарын талдау бойынша, ауыр жарақаттанған және өліммен аяқталған (үштен бірінен артық) қызметкерлер саны келесі жағдайлар нәтижесінде зардап шеккендер санының жоғарылығын көрсетеді:

- жұмыс өндірісін қанағаттанарлықсыз ұйымдастыру;
- ақаулы машиналарды, механизмдерді, жабдықтарды пайдалану және технологиялық үрдістердің кемшіліктері;
- еңбек және өндірістік тәртіпті өрескел бұзу (әрбір оныншы қайтыс болған қызметкер өндірісте).

Статистикалық мәліметтерге сәйкес мұнай-газ саласында жұмысшылардың 44 % зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында қызмет етеді. Олардың ішінде:

- Ер адамдар — 49 %;
- Әйел адамдар — 17 %.



Сурет 1. «Тенгизшевройл» ЖШС кәсіпорнындағы жұмыс күндерін жоғалтқан оқиғалар және тіркелген оқиғалар коэффициенті көрсеткіштері


«Тенгизшевройл» ЖШС қауіпті және зиянды факторларды талдау үшін, еңбек жағдайларының жай-күйі және қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың мәні осы кәсіпорынға және технологиялық процеске тән болып табылатын жұмыс орындары іріктеліп алынды: бұрғылаушылар, бұрғылаушының көмекшілері, ұңғымаларды күрделі және жер астында жөндеу жөніндегі операторлар (ҰКЖ операторы, ҮЖЖ операторы), мұнай және газ өндіру жөніндегі операторлар (МГӨО), қабаттық қысымды ұстап тұру (ҚҚҮ), сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғылары (СТҚ) операторлары, мұнай — газ кәсіпшілігі жабдықтауына қызмет көрсету жөніндегі агрегаттар машинистері.

Барлық жұмысшылардың өндірістің зиянды және қауіпті факторлардың әсерінде қызымет атқаратындардың көрсеткіштері келесідей:

- Химиялық фактор — 12,7%;
- Биологиялық фактор — 0,5%;
- Фиброгенді әсер ететін аэрозольдер — 4,9%;

- Шу, инфрадыбыс, ультрадыбыс — 24,8%;
- Діріл (жалпы және жергілікті) — 10,8%;
- Иондамайтын сәулелену — 1%;
- Иондауытын сәулелену — 0,1%;
- Микроклимат — 8,8%;
- Жарық ортасы — 2,5%.
- Еңбек үдерісінде:
- Жұмыс ауырлығы — 28,7%;
- Жұмыс қауырттылығы — 4,8%.

Қарастырылатын жұмыс орындары бойынша кәсіби ауруға шалдығу көрсеткіштеріне талдау жүргізілді. Мұнайшылардың жинақталған кәсіби аурушандығы құрылымында негізгі орын физикалық шамадан тыс дене жүктемелері мен жекелеген органдар мен жүйелердің шамадан тыс күшеюі әсерінен болатын ауруларға (79,5%), сондай-ақ физикалық факторлардың әсерінен туындаған ауруларға (10,6%) тиесілі. Ауруға шалдығу құрылымы 2-суретте келтірілген.



Сурет 2. Ауруға шалдығу құрылымы

Жалпы өнеркәсіптік бөлім бойынша кәсіби аурудың пайда болуының орташа деңгейі жылына 100 жұмысшыға 62,65 жағдайды құрады.

Көптеген жағдайларда машинистердің кәсіби тобында (20,8%), бұрғылаушылар мен олардың көмекшілерінде (13,8%), ҰКЖ операторларында (10,5%) екі синдромның үйлесуі байқалды.

Жүргізілген талдау зерттелетін жұмыс орындарында жұмыскерлердің денсаулығына барынша теріс

әсер ететінін келесі факторларды көрсетті: шудың және дірілдің жоғарғы деңгейі, ауаның шаңдануы, жұмыс аймағының температурасы, зиянды заттардың жоғары концентрациясы.

Келесі кезекте жұмыс орындарының еңбек жағдайын интегралдық балдық бағасы анықталды. Аталған бірлескен әсер етуді есепке алу әдістемесі (әдіс 1) және еңбек жағдайын классикалық түрде бағалау әдісі (әдіс 2) бойынша нәтижелері 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Еңбек жағдайларын гигиеналық бағалау нәтижелері

№	Қызметі	Интегралдық балдық баға, Во	Әдіс 1	Әдіс 2
1	Бұрғылаушы	4,67	3.4	3.4
2	Бұрғылаушының көмекшісі	4,67	3.4	3.4



3	ҰЖЖ операторы,	3,80	3.3	3.3
4	ҰЖЖ операторы	3,80	3.3	3.3
5	МГӨ операторлары	3,75	3.3	3.2
6	ҚҚҰ операторлары	2,81	3.2	3.1
7	СТҚ операторлары	2,63	3.2	3.2
8	Агрегаттар машинистері	4,55	3.4	3.3

Алынған нәтижелер еңбек жағдайларын талдау кезінде әр түрлі әдістерді пайдалануда айырмашылықтар бар екендігін көрсетеді. Бұл айырмашылық еңбек жағдайын классикалық түрде бағалау әдісі барысында екі немесе одан көп өндірістік факторлардың бірлескен әсер етуін есепке алмауынан пайда болады.

Қарастырылып отырған жұмыс орындарының еңбек жағдайларын талдау, олардың қауіпті 3 еңбек классына жататынын көрсетті. Алынған нәтижелер бойынша

барлық зерттелген жұмыс орындарында еңбек жағдайын жақсарту және кәсіби тәуекелді төмендетуге бағытталған шаралардың қажеттілігі байқалады.

Бұрғылаушы, бұрғылаушының көмекшісі және мұнай — газ кәсіпшілігі жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі агрегаттар машинистері сияқты жұмыс орындарға ерекше назар аудару керек. Кәсіби тәуекел категориясы бойынша, көрсетілген жұмыс орындарында тәуекелдің жоғарғы деңгейі байқалады.

Әдебиет:

1. Мониторинг рынка труда в нефтегазовом комплексе. Совет по профессиональным квалификациям в нефтегазовом комплексе, 2018 ж.
2. Потоцкий Е. П., Горская Т. В. Подход к разработке методики определения интегральной оценки условий труда с учетом совокупного воздействия факторов. // Безопасность жизнедеятельности, № 5, 2004.
3. Р 2.2.2006–05. Руководство по гигиенической оценке факторов рабочей среды и трудового процесса. Критерии и классификация условий труда / под ред. Н. Ф. Измерова [и др.]; ГУ НИИ медицины труда РАММН. — М., 2005.
4. Р 2.2.013–94. Гигиена труда. Гигиенические критерии оценки условий труда по показателям вредности и опасности факторов производственной среды, тяжести и напряженности трудового процесса.

# Молодой ученый

Международный научный журнал  
№ 16 (306) / 2020

Выпускающий редактор Г. А. Кайнова  
Ответственные редакторы Е. И. Осянина, О. А. Шульга  
Художник Е. А. Шишков  
Подготовка оригинал-макета П. Я. Бурьянов, М. В. Голубцов, О. В. Майер

Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются.  
За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы.  
Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов.  
При перепечатке ссылка на журнал обязательна.  
Материалы публикуются в авторской редакции.

Журнал размещается и индексируется на портале eLIBRARY.RU, на момент выхода номера в свет журнал не входит в РИНЦ.

Свидетельство о регистрации СМИ ПИ №ФС77-38059 от 11 ноября 2009 г. выдано Федеральной службой по надзору в сфере связи, информационных технологий и массовых коммуникаций (Роскомнадзор)

ISSN-L 2072-0297

ISSN 2077-8295 (Online)

Учредитель и издатель: ООО «Издательство Молодой ученый»

Номер подписан в печать 29.04.2020. Дата выхода в свет: 06.05.2020.

Формат 60×90/8. Тираж 500 экз. Цена свободная.

Почтовый адрес редакции: 420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231.

Фактический адрес редакции: 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.

E-mail: [info@moluch.ru](mailto:info@moluch.ru); <https://moluch.ru/>

Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.